

A portrait of a man with dark hair and a mustache, wearing a black tuxedo jacket, a white shirt, and a black bow tie. He is looking directly at the camera with a neutral expression. The background behind him is a vibrant, abstract composition of overlapping circles and organic shapes in shades of green, teal, and yellow. The entire image is framed by a decorative border consisting of repeating blue and white geometric patterns, including swirls and diamonds.

Ұстаз - ұлы есім



«Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы
Региональный учебно-методический центр «Қостанай дарыны»

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ЕСІМ

ҚОСТАНАЙ, 2025

УДК 37.0
ББК 74.03
Ү 81

Бас редактор **Укина Г.К.**, педагогика магистрі, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығының директоры

Редактордың орынбасары: **Байтенова Л.Б.**, «Қостанай дарыны» ӨОӨО директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Редколлегия мүшелері: **Рябинина Н.М.**, «Қостанай дарыны» ӨОӨО директорының ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс жөніндегі орынбасары

Жакибаева С.К., «Қостанай дарыны» ӨОӨО ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің әдіскері

Каримова А.О., «Қостанай дарыны» ӨОӨО ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің әдіскері

«Ұстаз – ұлы есім» /Қостанай облысының көрнекті педагогтары туралы 8-ші мақалалар жинағы /бас редактор: **Г.К.Укина**, редактордың орынбасары: **Л.Б.Байтенова**, редколлегия мүшелері: **Н.М.Рябинина**, **С.К.Жакибаева**, **А.О.Каримова** – Қостанай, 2025 – 78 б.

«Ұстаз – ұлы есім» жинағында олимпиадалардың жеңімпаздарын, түрлі жарыстар мен конкурстардың жүлдегерлерін, чемпиондарды, Отанымыздың патриоттарын тәрбиелеген Қостанай облысының көрнекті педагогтары туралы мақалалар ұсынылған. Жинақ орта және жоғары оқу орындарының педагогтарына, педагогикалық мамандықты таңдаған студенттерге арналған.

ISBN 978-601-7420-30-7

УДК 37.0
ББК74.03

© Укина Г.К., 2025
© Байтенова Л.Б., 2025
© Рябинина Н.М., 2025
© Жакибаева С.К., 2025
© Каримова А.О., 2025

Мазмұны:

1. ҮЛГІ ТҮТАР ҰСТАЗ	
<i>Алтысбаева Н.С., Жұмабаева А.К.</i>	5
2. ҰСТАЗДЫҚ ЕҢБЕК – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ	
<i>Болат Б.Б.</i>	9
3. ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...	
<i>Жакибаева С.К.К.</i>	15
4. УЧИТЕЛЬ ФИЗКУЛЬТУРЫ — ЭТО НАДОЛГО	
<i>Жусупова Л.К.</i>	20
5. ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...	
<i>Кетебаева Ж.Б.</i>	26
6. С ТЕПЛОМ В СЕРДЦЕ И СПОРТОМ В ДУШЕ	
<i>Кашева Е.А.</i>	32
7. ДОБРЫЙ ПРОВОДНИК В МИР ЗНАНИЙ	
<i>Лукас О.Д.</i>	38
8. ЫБЫРАЙ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ	
<i>Мұрзақай Б.Қ.</i>	43
9. ҰСТАЗ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ	
<i>Нұрбекова Б.Ж., Сейталиева Э.Қ.</i>	48
10. СЕРДЦЕ, ОТДАННОЕ ШКОЛЕ: ПУТЬ ДЛИНОЙ В 40 ЛЕТ	
<i>Сакенова А.Т.</i>	53
11. БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ҰСТАЗ	
<i>Серикбаева А.К.</i>	58
12. ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫ – ШАБЫТТЫ ЕҢБЕКТЕ	
<i>Серикбаева А.К.</i>	63
13. ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ- ҰЛЫ ҚҰРМЕТ	
<i>Фазылова А.Қ.</i>	68
14. УЧИТЕЛЬ НОВОЙ ФОРМАЦИИ	
<i>Штеер А.Л.</i>	73

ҮЛГІ ТҰТАР ҰСТАЗ

*Алпысбаева Назым Сартонқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 61 бөбекжайы» КМҚК әдіскері,
Жұмабаева Алмагүл Кенжеғалиевна,
тәрбиеші*

Бүгін біз өз әріптесіміз туралы мақала жазуды жөн көрдік. Мақала жасөспірімдер тәрбиелеуде тапжылмай еңбек етіп келе жатқан **Искакова Гүлжан Сағиқызы** жайлы болмақ. 1975 жылы Әуликөл ауданындағы Обаған станциясында қарапайым теміржолшылар жанұясында дүниеге келген Гүлжан Сағиқызы отбасындағы бес баланың кішісі. Мектеп жасына келгенде, әкесі Сағи Гүлжанды Құсмұрын жеріндегі №120 мектепке оқуға береді. Мектеп қабырғасында жүргенде өте алғыр оқушы болады, сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, аталған білім ордасын ойдағыдай аяқтап, Арқалық қаласындағы педагогикалық училищеге бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, аталған оқу орнын жақсы оқып бітіреді.



Училищені аяқтағаннан кейін ұстаздары өзінің оқып бітірген мектебіне бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша жұмысқа шақырады. Осылайша, Гүлжан Сағиқызы өзі оқып бітірген мектепте алғашқы ұстаздық еңбек жолын бастайды. Бастауыш сыныпқа келген балаларды қабылдап, қолдарына қалам ұстатып, әріптер жаттатып, жазуды үйретуден жалықпады. Өзінен бұрын қызмет істеп жүрген мұғалімдермен тәжірибе алмасып, біліктілігін арттыра отырып, оқушылардың білмегендерін үйретуге бар ынтасын салды, әрдайым ата-аналар да еңбекқор ұстазға өз ризашылықтарын айтып отырды.

Сәбидің тағдырын кіндік шеше мен алғашқы қадам басқанда тұсауын кескен адамның өмір жолымен байланыстыратыны сияқты, оқушының білімділігі, ұқыптылығы, еңбексүйгіштігі – бастауыш сыныпта тәрбие алған ұстазына байланысты десек, артық айтқанымыз емес. Мектеп табалдырығын аттағанда алғашқы мұғалім санаға не сіңірді, сол сенің өмір бойғы азығың деуге болады. Оқушыға алғашқы мұғалім саналы тәрбие мен сапалы білімді бойына сіңіре алса, онда ол оқушы өмірдің қандай қиын соқпақтары болса да жеңе біледі.

Гүлжан Сағиқызының алдында білім нәрімен сусындаған алғашқы оқушылары әлі күнге дейін хабарласып тұрады және қазіргі уақытта олар түрлі салаларда еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

*Жас ұрпақтың санасын оятып, шуақ шашатын да,
білім арқылы жылу беретін де, күн сияқты жарық
дүниені танытатын да - ұстаз.*

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. «...Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мектепте жұмысын жалғастыра жүріп, білімін жоғарлату үшін Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. Бұл жоғары оқу орнын орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдағаннан кейін Әуликөл ауданының Калинин аулындағы орта мектепке орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасады. Кейін мектеп директорының орынбасары қызметін атқарады. Осы қызметте 12 жыл еңбек етеді, сонымен қатар орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.

Білімге шөлдеген шәкірттерін сусындандыратын, қандай қиын тапсырмаларды шекілдеуікше шағатын, жас ұрпаққа үйретуден жалықпайтын ұлы тұлға - ұстаз деп таныр едім. Ұстаздық - шыдамдылықты, қажырлылықты, үлкен еңбекті қажет ететін мамандық.

Гүлжан Сағиқызының өмірлік ұстанымы «мен не ұтамын деп емес, мен болашақ ұрпақтың өмірлеріне азық болатындай тәлім-

тәрбие бере алдым ба» дейтін ұстаз. Оның алдына қойған мақсаты - өмірде өз орнын таба алатын ұрпақ тәрбиелеу. Сол жолда аянбай еңбек етіп, жасөспірімдердің бойына ұқыптылықты, саналылықты, мәдениеттілікті, жауапкершілікті, кішіге қамқор, үлкенге ізет жасауды сіңіріп жүрген ұстаздардың бірі. Егер өмір деген өзен деп ойласақ, соның арнасында шаршамай, шалдықпай жүзе білген шәкіртін көрсе, өз еңбегінің жемісіне де жеңісіне де марқаятын - ұстаз. Алғашқы мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, ақыл-ойыңды дамытатын да, білім теңізінде жүзгізетін де – ұстаз. Шәкірттерін өз баласындай бауырына тартып, өлшеусіз еңбек ететін де - ұстаз. Діқанша баптап, олардың болашақта жақсы азамат болуларына барын салатын да - ұстаз.

Гүлжан Сағиқызының еңбек жолы жастарға үлгі. Өз жұмысын қадірлеп, бағалай білген мұғалім баламен де, ата-анамен де тіл табысып, ұжымға да сыйлы бола біледі. Сырт көзге мұғалімнің жұмысы қарапайым болып көрінгенімен, ұстаздардың бала тәрбиесіндегі еңбегі ұшан-теңіз. Жас ұрпақты біліммен сусындатып,



оқуда озат болуына және олардың бойындағы патриоттық сезімді оятудағы еңбектері зор. Өмірде кәсіпкерлік пен мамандықтың саны қанша көп болса, сол мамандарды дайындау үшін қаншама еңбек және қаншама тер төгу қажет, осы істің бәрін атқаратын тағы да ұстаз. Енді айта кетер жайт, сен министр немесе депутат, ғалым болмаса әкім, ақын болайық, әртіс болайық, президент болсақ та ұстаздың еңбегін жадыңыздан шығаруға болмайды. Өмірде бір жетістікке жеткен болсаңыз, оған ата-анамен қатар ұстаздардың еңбегі шаш етектен екені сөзсіз.

Гүлжан Сағиқызының ерен еңбегі еленіп, қала және облыс, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің мадақтамалар мен алғыс хаттарының иегері атанды. Ұстазға сізден керегі - сыйлық емес, сіздің жақсы адам болып қалыптасып, халыққа пайдаң тиетін тұлға болсаң, ол кісілерге содан артық құрмет жоқ. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, шәкірті бір шынды бағындырса, оның артында ұстаздың маңдай тері бар деп ойлаңыз.

Елімізде білім беру үдерісінің жаңартылуына байланысты сабақ өткізу бағдарламаларының мазмұндары жаңартылып, оқытудың парадигмасына өзгерістер енгізілуде. Білім бағдарламаларының жаңартылуымен қатар қазіргі кезде білім жүйесіне қойылатын жаңа талаптар да күшейді. Шәкірттерді жеке тұлға ретінде қалыптастыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы жұмыстар да жүргізілуде.

Қазіргі уақытта балалардың тәрбиесімен қатар білім сапасына да көп көңіл бөлу қажет. Баланың алғашқы қадамы балабақшадан басталады, сондықтан жасөспірімдерді жан-жақты дамыту үшін тәрбиешілеріміз көп еңбек етеді. Айта кететін болсақ, балаларға ойын ойната отырып, сабақты қызықты етіп өткізеді. Ол үшін қосымша, жаңа, қызықты материалдар дайындап, жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін олар ерінбей еңбектенеді.

Гүлжан Сағиқызы - мектепте білімді де білікті ұстаз болса, үйде бала тәрбиелеп отырған аяулы ана, кішкентай Мединаның сүйікті әжесі. Бүгінде балалары жоғары оқу орындарын тәмамдап, түрлі салаларда еңбек етіп жүр. Олар да аналарын мақтан тұтады.

Қорыта келе айтарымыз, «тәрбие - тал бесіктен басталады» демекші, бала тәрбиесі тікелей ата-анаға байланысты және де ол тәрбие балабақшада, кейін мектепте жалғасады. Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның



тәрбиесі. Сол балаға саналы тәрбие мен сапалы білім беретін ұстаздардың еңбегі зор.

2007 жылдан бастап балабақша меңгерушісі қызметін атқарып келе жатқан Гүлжан Сағиқызын әріптестері үлгі тұтады. Ұстаздар қауымы мен ата-аналар тарапынан үлкен құрметке ие болған Гүлжан Сағиқызына зор денсаулық пен бақытты да ұзақ ғұмыр тілейміз!

ҰСТАЗДЫҚ ЕҢБЕК - ЖҮРЕКТІҢ ІСІ



Болат Бекзат Болатқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет меңгерушісінің
міндетін атқарушы

Ұстаздық - бұл тек кәсіби мамандық емес, ең алдымен жүректің ісі, рухани қуаттың көзі. Білім мен тәрбиені ұштастыратын бұл сала, адамның ішкі жан дүниесіне үңіліп, әр шәкірттің ерекше әлемін түсініп, соған сәйкес жол көрсету міндетін арқалайды. Ұстаз әрбір шәкіртіне өз білімі мен өмірлік тәжірибесін ғана емес, өмірлік құндылықтар мен адами қасиеттерді де береді. Оның еңбегі бір сәттік емес, ұзақ жылдар бойғы жемісті жұмыс, өмір бойы терең ықпалы бар, қажырлы еңбек.

Ұстаздық еңбек - бұл тек мектеп қабырғасында оқушыларға пәндер оқыту ғана емес, оларды өмірге, қоғамға дайындау, тұлғалық тұрғыда жетілдіру. Оқушының ішкі әлеуетін ашып, болашағын жарқын ету үшін ұстаздың жан-жақты қабілеттері мен терең білімін талап етеді. Мұғалім тек білімді емес, рухани жағынан бай, әділ, сабырлы, ұқыпты болуы керек. Оның қолынан шыққан әрбір шәкірт - ұстаздың табысты жұмысының жемісі, оның төл перзенті сияқты. Ұстаздық мамандықтың ерекшелігі - оның өзегі тек білім емес, жанашырлық, махаббат пен тәрбие. Білім беру - тек ғылымның ғана

емес, адамгершіліктің, мейірімділіктің, адалдықтың негіздерін құру. Ұстаз оқушының жүрегіне жол таба білетін тұлға болуға тиіс. Ол әрбір баланың ішкі әлемін түсініп, оның дамуына жағдай жасап, кез келген қиындықты жеңу жолында қолдау көрсетуі қажет. Ұстаздықтың ең басты құндылығы - шынайы ықылас пен махаббат. Ол тек белгілі бір пәнді үйретіп қана қоймай, адамға өмірлік құндылықтарды жеткізуге тырысады. Оқушылар тек пәндік білім ғана емес, жақсы адам болу, әділдік пен құрмет көрсету, қиындықтарға төзімділік көрсету, достық пен бірлік маңыздылығын да ұстаздарынан үйренеді. Ұстаз өзінің бойындағы шынайы махаббат пен қамқорлықты шәкірттеріне жеткізе отырып, олардың өмірлік мұраттары мен мақсаттарына дұрыс бағыт сілтейді.

Ұстаздың еңбегі - бұл тек шәкіртті ғана тәрбиелеу емес, тұтас қоғамға пайдалы болашақ ұрпақтың негізін қалау.

Ол адамға білім мен дағдыларды беріп қана қоймай, оның тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ұстаз шәкіртті өз өміріне жауапкершілікпен қарауға, елінің дамуына үлес қосуға тәрбиелейді. Осылайша, ұстаздар қоғамда әділдік, тәртіп, мәдениет пен білімнің негізін салушылар болып табылады.

Осындай қиын да қызықты мамандықты таңдап, білім саласында үздіксіз қызмет атқарып, өмірінің 29 жылын білім мен тәрбие саласына арнап келе жатқан **Темирова Жанат Карбозовна** жайлы айтқым келеді. Ол 1984 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1989 жылы ұлттық мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Өзінің алғашқы еңбек жолын Арқалық ауданы, Аңғар орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдігінен бастап, кейіннен мектеп директорының оқу -тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 2001 жылдан бастап Жангелдин ауданының білім беру бөлімінде әдіскер болып қызмет жасады. 2004-2009 жылдары әдістемелік кабинет меңгерушісі қызметінде болды. Осы жылдары ауданның білім қызметкерлерінің кәсіподақ бастауыш ұйымының төрайымы қызметін қоса атқарды.



2009 жылы Ақкөл ауылындағы А.Қонқабаев атындағы орта мектебінде мектеп директоры қызметінде болды. 2015-2017 жылдары аудан орталығындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің директоры қызметіне ауыстырылды. 2017 жылдың қаңтарынан бастап Жангелдин ауданының білім бөлімінде әдістемелік кабинет меңгерушісі болып жұмыс атқарған. Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиеті және педагогикалық оқылымдар

бойынша әдіскер қызметін атқаруда. Әдіскер ретінде қызмет атқарып жүрген педагогтың еңбегі шығармашылықпен байланысты. Ол білім беру әдістемесін, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды зерттеп, оларды жаңарту жолдарын қарастырады. Әдіскер білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында әртүрлі жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады, мұғалімдерге жаңа білім беру технологиялары мен әдістерін енгізуге көмектеседі. Сонымен қатар әдіскерлер оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша стратегиялық жоспарлар құрып, мұғалімдерге сол жоспарларды іске асыруда практикалық көмек көрсетеді. Осындай салаларды қатар атқарып, үлкен жетістіктер мен нәтиже көрсетіп, әріптестеріне үлгі болған білікті маман иесі.

А.Қонқабаев атындағы орта мектебінде жұмыс атқарған уақытында мектеп түлектерінің қорытынды аттестациясында оқушылары 62 пайыз білім сапасын көрсетсе, 1 оқушысы «Алтын белгі», 1 оқушысы үздік аттестат иегері болды.

2017 жылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру идеясы негізінде ұйымдастырылған «Мәңгілік ел» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жоғары дәрежеде өткізіліп, нәтижесінде облыстық білім басқармасының алғыс хатымен марапатталды. 2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» кіші бағдарламасы аясында халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың 115 жылдығына арналған мектеп оқушыларының «Нұрхан оқулары»

облыстық байқауын ұйымдастырып өткізді. 2022 жылы «Көркем-эстетикалық бағыт: жағдайы, мәселелері, ұсыныстар» музыка, көркем еңбек және көркем эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің облыстық съезін өткізуге белсене атсалысты. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі жалпы республикалық жоспарға сәйкес «Ахмет Байтұрсынұлы - алаштың рухани көсемі» атты облыстық өлкетану жұмысын жоғары дәрежеде өткізді.

«Мектеп - бала көзімен» әлеуметтік жобаны ұйымдастырып, облыстық сайысқа жобасы ұсынылып, нәтижесінде бас жүлдені жеңіп алды. Жобаны ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсетуде зор еңбегі аталып өтті. Бұл да болса, әдістемелік кабинет меңгерушісінің тынымсыз еңбегінің жемісі. 2016-2017 және 2017-2018 оқу жылдарында әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды мемлекеттік аттестациялауға тиімді әдістер арқылы даярлау жұмыстары жандандырылып, қорытындысында ауданымыз жоғары нәтижеге қол жеткізді. 2024 жылдан бастап әдіскер қызметін атқарғанда педагогикалық оқылымдар бойынша жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Тоқтала кетсем: «Мағжан оқулары» бойынша Амангелді жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Асқарқызы Нурикамал және Ы.Алтынсарин мектебінің оқушысы Айтан Ерболат облыстық кезеңнің жүлдегерлері атанып, республикалық кезеңге жолдама алды. «Шәкәрім оқулары» бойынша Жангелдин мектебінің оқушысы Асылбек Қырмызы облыстық кезеңнен III орынды иеленді. «Жыр алыбы - Жамбыл» атты ақындар айтысында Ш.Уәлиханов мектебінің оқушысы Ниязбек Таңжарық облыстық кезеңнен бас жүлдені жеңіп алып, республикалық кезеңге жолдама алды.

Әдіскер оқушылардың білімін арттыру мақсатында мұғалімдердің жұмысына бақылау жасап, оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етеді. Ол оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқу әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар береді. Бұл оқушылардың оқу деңгейін көтеруге, олардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Әдіскер мұғалімдердің жұмысына әдістемелік көмек көрсетумен қатар, оларды оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі оқыту әдістерін қолдануға үйретеді. Мұғалімдер мен оқушылар арасында тиімді кері байланыс орнатуға көмектеседі.

Жанат Карбозовнаның көп жылдық еңбегі еленбей қалған жоқ. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі үшін 2010, 2013, 2015 жылдары аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. 2016 жылы облыс әкімінің алғыс хатын алды.



2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына байланысты білім саласындағы еңбегі үшін төсбелгімен марапатталды. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасына ие болды. 2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы облыстық ғылыми–практикалық конференцияға қосқан үлесі үшін облыстық білім басқармасының алғыс хатына ие болды. 2024 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Қорыта айтқанда, Темирова Жанат Карбозовна Жангелдин ауданының білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен жетілдіруде, оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз етуде зор еңбек сіңірген, білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын іске асыруда елеулі табыстары бар мұғалімдерді, оқушыларды, тәрбиеленушілерді практикалық даярлауда, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, аудандық, облыстық республикалық білім бағдарламалары мен жобаларын іске асыруда да жетістіктері зор.

*Ұстаздар – еліміздің болашағын қалыптастыратын
ұлы тұлғалар, олардың жолы әрқашан құрмет пен
назарға лайық.*

Білім саласы үздіксіз даму үстінде, сондықтан ұстаздардың өз білімдерін үнемі жаңартып, жаңа әдістерді меңгеруі аса маңызды. Әдіскер білім беру саласындағы өзгерістерді енгізу арқылы оқу



әдістерін жаңартып, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Әдіскердің жұмысы тек қана ұйымдастырушылық емес, сонымен қатар шығармашылық және ғылыми тұрғыдан да маңызды, себебі ол оқу жүйесінің сапасын көтеру, мұғалімдер мен оқушылардың жұмысын жақсарту үшін үнемі жаңашылдықтарды іздеуге бағытталған. Әдіскердің еңбегін бағалау – білім беру жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...

*Жакибаева Сәуле Қуанышбайқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік
орталығының аға әдіскері*

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Қай заманда да ұстаздарға деген құрмет жоғары болған. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін оқытатын, тәрбиелейтін мейірімді асыл жандар. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Мағжан атамыздың «Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деген сөзі де осындайда ойға оралады.

Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі өздерінің ұстаздарына ерекше құрметпен қарап, әрдайым зор ізетпен еске алғаны бәрімізге мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен.

Ұстаз алдынан білім мен тәрбие алмайтын жан жоқ. Өмірде әр адамның өз ұстазы бар, оның алдында ол өтеусіз қарыздар. Әр ұстаз шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, сапалы білім, саналы тәрбие беріп, әр шәкіртін аялап, өмірге топшысын қатайтып ұшырады. Сондай аяулы ұстаздарымның бірі де бірегейі - **Үмітхан Қуанышбайқызы Шілтиева.**

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...», - деген Абай сөзін өзінің өмірлік қағидасы тұтқан, адалдық пен адамгершілікті биік тұғырға қойған ұстазым - Үмітхан Қуанышбайқызы Шілтиева туралы ізгі ниетпен шәкірт жүрегімнен лебіз білдіруді мен де өзімнің парызым санаймын.

Үмітхан Қуанышбайқызы Науырзым ауданы, Науырзым елді мекенінде 1949 жылы дүниеге келген. Мектепті бітіріп, жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін туған жеріне оралып, еңбек жолын да өзі оқыған Науырзым орта мектебінен бастайды. 80-жылдардың аяғында аудан орталығына қоныс аударып, Жамбыл орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

90-шы жылдардың аяғында Ыбырай Алтынсарин атындағы Рудный педагогикалық колледжінде, кейін Қостанай педагогикалық колледжінде біраз жылдар қызмет атқарады.



*Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде
алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам
қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!
Ұстаз да диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім
дәнін себеді.*

Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Үмітхан Қуанышбайқызының алдынан қаншама шәкірт өтті десеңші! Апайымыздан тәлім-тәрбие алып, алдынан өткен сол шәкірттерінің бірі – бізбіз, 1975 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1985 жылы тәмамдаған біздердің биылғы жылы мектеп бітіргенімізге 40 жыл толмақшы.

Әрбір адам өмірінде саналы тәрбие мен сарқылмас білімді санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Өйткені, ұстаз берген білім мен тәрбие ұрпақ санасынан мәңгіге өшпейді.

Ұстазымыздың алдында бесінші сыныпта 27 оқушы отырдық. Ұстазымыз бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, 5 сыныптан бастап 9 сыныпқа дейін сыныбымыздың жетекшісі болды. 10 сыныпқа келгенде, оқушы санының аздығына байланысты мектебіміз негізгі мектеп болып қалды. Соңғы жылды әрқайсымыз көрші ауылдардағы, аудан орталығындағы мектептерден аяқтадық.



Білім нәрімен сусындатып, жүріс-тұрысымен, өзінің сөйлеу мәнерімен үлгі бола білген біздің де ұстазымыздан алған тағлымымыз мол. Өзінің ұрпақ алдындағы жауапкершілігін әрдайым сезіне отырып, өзінен тәлім алушылардан еңбекқорлық пен қажырлылық, табандылықты, шынайылықты талап ете білді. Басқа сабақтан үй тапсырмасын орындамай баруымыз мүмкін, бірақ апайымыздың сабағын күнде мұқият орындап келетінбіз. Мұғаліміміздің айтқанын бұлжытпай орындауға тырысатынбыз.

Сабақтан кейін мерекелерге арнап қабырға газетін шығарып, түрлі іс-шараларға қатысатынбыз. 1982 жылы Үмітхан Қуанышбайқызының ұйымдастыруымен ауыл клубында Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесасы қойылды. Қойылымның

әсерлі болғаны соншалық, 40 жылдан аса уақыт өтсе де, әлі күнге дейін көз алдымыздан кетпейді.

Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі - терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Баланың бойындағы шынайы білім, біліктілік дағдылары, мінез-қалпы, адамгершілігі жақсы ұстаздан қалған әдет болса керек.

Шәкірт ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие де алады. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы.

«Ұстаз» деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген Серке Қожамқұловтың сөзінен ұстаз қауымына деген үлкен құрметті байқаймыз.

Оқу бітіріп, еңбек жолымды бастағанда ұстазыма еліктеп сабақты бергенім де, 2000 жылдардың басында Қостанай педагогикалық колледжінде семинар болып, Үмітхан апайым сабақ беріп, өзімді мектепте ұстазымның сабағында отырған шәкірттей сезінгенім де есімде. Мектеп бітіргенімізге 40 жыл уақыт өтсе де, жинала қалсақ, ұстазымызды ұмытпай, шәкірт кезімізді еске алып жүреміз.

Үмітхан Қуанышбайқызының шәкірт тәрбиелеудегі ерен еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол - «Еңбек ардагері», «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» төсбелгілерінің иегері. Оның алған мақтау, марапат, алғыс хаттарын тізетін болсақ, өз алдына бір төбе. Адамның адамшылығы марапат қағазымен өлшенбек емес, адамды одан да биік етіп, қосымша көрік беріп тұратын – адами қасиеттері, игілікті істері болмақ. Жүзінен шуақ, сөздерінен жылылық төгіліп тұратын ұстазымыздың өнегелі өмірі мен еселі еңбегінің арқасында айналасына қадірлі екені сөзсіз.

Егер әр адамның жүрегінде ізгілік тамшысы мен бойында қарым-қабілеті болса, ол соны аша білген ұстаздардың еңбегі дер едім.

*«Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз - тұл»
деп ұлы Абай атамыз айтқандай, адам баласының
кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты.*

Қазіргі кезде Үмітхан Қуанышбайқызының шәкірттері түрлі салаларда қызмет атқарып жүр. Біреулері заң саласында қызмет атқарса, біреулері - бухгалтер, біреулері педагогика саласында жұмыс істейді. Барлығы да бір-бір мамандықты игерген, өз ісінің шеберлері.

50 жылға жуық уақытын ұстаздыққа арнаған апайымызға еліктеп, сыныптағы 8-міз ұстаздық жолды таңдаған екенбіз. Ұстаздардың ұстазы болған апайымыздың жолын қуып, 30 жылдан аса өзіміз де шәкірт тәрбиелеп келеміз. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандықтың қыр-сырын меңгергенмен, бала жанының бағбаны болу қиын да жауапкершілігі мол еңбек екенін түсінгендейміз.

Мен өмірде өз орнымды тапсам, педагогика саласында бір жетістіктерге жетсем, сол жетістіктердің артында Үмітхан Қуанышбайқызы, Пиалаш Балтақызы, Сақан апай сияқты ұстаздарым тұр.



Ұлы мамандықтың қадірін біліп, шәкірттерінің бойына бар асыл қасиеттерді ұялатып, өн бойына ұстазға тән салмақтылық пен

мәдениеттілікті сыйғыза білген ұлағатты ұстазымызды әркез үлгі тұтарымыз анық. Біз де Үмітхан Қуанышбайқызының шәкірті болғанымызды мақтан тұтамыз.

Бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған ұлағатты да ардақты ұстазымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жаныңыз әрдайым шаттыққа кенелсін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын, сіздің ұзақ та бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз!

УЧИТЕЛЬ ФИЗКУЛЬТУРЫ — ЭТО НАДОЛГО



***Жусупова Лазат Киреевна,**
учитель русского языка и литературы
КГУ «Сатайская основная средняя школа
отдела образования Алтынсаринского района»
Управления образования акимата
Костанайской области*

В далеком 1985 году в Сатайскую основную школу учителем физической культуры пришел работать Картабаев Мухаметжан Каппасович. На сегодняшний день стаж его педагогической деятельности составляет 40 лет. За это время во взрослую жизнь вышло несколько выпусков детей, которые стали для него родными. С 1985 по 1994 годы я была его ученицей, а с 2000 года мы - коллеги.

Я с благодарностью вспоминаю спустя годы учебы в школе, кто дал мне азы игры в волейбол, баскетбол, научил бегать на лыжах, заниматься на спортивных снарядах.

И сегодня я хочу рассказать о своём коллеге, учителе физической культуры **Картабаеве Мухаметжане Каппасовиче**. Он внёс значительный вклад в развитие физкультуры и спорта в нашем селе и районе. Его любят и уважают ребята и их родители, коллеги, жители

нашего села. Любой из педагогов коллектива нашей школы говорит о коллеге Картабаеве с огромным уважением.

«Мастер своего дела, активный, грамотный, надёжный и ответственный», – вот их характеристики на педагога и человека. «Учитель с большой буквы!» – отзываются ученики школы. «Внимательный, неунывающий, готовый прийти на помощь в любую минуту», – отзываются о нем односельчане.

В честь празднования Дня учителя Мухаметжан Каппасович, внесший вклад в развитие и воспитание подрастающего поколения, награжден нагрудным знаком «Еңбек ардагері».

Школьники любят строгого, но справедливого учителя и, что закономерно, его предмет. Во-первых, потому что физкультура позволяет им отдохнуть от серьёзной умственной нагрузки, которую



они ежедневно испытывают на других уроках, во-вторых, совместная игровая деятельность их раскрепощает и заряжает позитивом. И, в-третьих, дети, которые неуверенно чувствуют себя, например, на уроках русского языка или математики, в силу хороших физических данных могут реализовать и почувствовать себя успешными. Дети всегда тонко чувствуют, как относится к ним учитель. Они уважают и любят Мухаметжана Каппасовича, так как по всему видно, что и он их любит. А ведь способности у всех разные: кому-то даются легко одни упражнения, кому-то другие. Кто-

то старается, а кто-то и ленится. Кого-то надо мягко уговаривать, а к тому, кто ленится, быть строгим. Как результат 40-летнего труда в любимой профессии – многочисленные Почётные грамоты, в том числе от отдела образования Алтынсаринского района за добросовестный труд и большой вклад в развитие системы образования. Но главное для Мухамеджана Каппасовича, – не личные награды, а результаты его учеников.

У его воспитанников есть победы в районных соревнованиях по лыжным гонкам. Есть опыт участия в областных соревнованиях:

- 2022 год: районный Фестиваль лыжного спорта «Лыжня здоровья», чемпионат Костанайской области по лыжным гонкам;
- 2023 год: районные соревнования по лыжным гонкам, фестиваль лыжного спорта и организация массовых лыжных стартов «Лыжня здоровья – 2023», областной фестиваль лыжного спорта «Лыжня здоровья -2023»;
- 2024 год: районные соревнования по лыжным гонкам среди юношей в рамках школьной лиги среди 5-11 классов общеобразовательных школ Алтынсаринского района, областная зимняя спартакиада школьников по лыжным гонкам среди обучающихся 5-11 классов;
- 2025 год: районные соревнования по Президентскому многоборью (лыжная гонка), областная зимняя спартакиада школьников по лыжным гонкам.

Энергичный, он энергией заряжает детей, которые с нетерпением бегут на уроки физической культуры. У него есть свои методы и подход к детям. Он старается к каждому подобрать свой ключик и заинтересовать спортом мальчишек и девчонок. Мухаметжан Каппасович внушает своим ученикам, что если чего-то сильно захотеть и приложить максимум усилий и стараний, то обязательно добьёшься отличного результата.

На своих уроках он пробуждает в детях интерес к физическим упражнениям, строя образовательный процесс так, чтобы каждый ученик получил нагрузку, соответствующую его возможностям. Чтобы не травмировать хрупкий, слабый организм ребенка, на уроках использует игры. Ведь игра освобождает подсознание, делает процесс воспитания и обучения свободным, притягательным и ненавязчивым. Учит стойко переносить неудачи и поражения и, во что бы ни стало

добиваться поставленной цели, достигая душевного равновесия. У многих что-то не получается, но они стараются, пыhtят, иногда даже злятся. А главное, хотят! Понимают, что это им надо: это здоровье, это счастливая будущая жизнь.

Мухаметжану Каппасовичу нравится работать с детьми, проводить занятия, учить их чему-то новому, развивать их физические данные и способности. У него получается заинтересовать их, замотивировать, предложить им что-то, что они сами с удовольствием приняли. Он объясняет ученикам, что физическая культура — не такая простая штука, как им кажется.

В нашей школе все относится к физкультуре серьезно. Никто не считает, что это какой-то необязательный предмет. Мухаметжан Каппасович старается всегда найти какие-то нестандартные решения, чтобы привить детям любовь к физкультуре и спорту в целом.



Мухаметжан Каппасович ощущает себя на своём месте, получает удовольствие от того, что делает. Своей работой старается приносить детям как можно больше радости. Физкультура в школе должна разряжать учебный процесс. Они же часами сидят в классах за партами, пишут, многое делают.

Физкультура позволяет им хоть немного подвигаться, переключиться на другую деятельность. И он старается сделать это максимально комфортно и для них, и для себя.

Для него важно, чтобы ученики не чувствовали отторжения, а любили спорт, осознавали, что это своего рода отдых, возможность отключиться от бесконечных параграфов в учебниках и рабочих тетрадей. Он заряжает энергией детей, которые с огромным удовольствием, с нетерпением бегут на уроки физической культуры и здоровья.

Как учитель физической культуры, Мухаметжан Каппасович отдает предпочтение лыжам. Как радовались ученики, когда наконец-то выпал снег и уроки будут проходить на свежем воздухе на лыжах! На занятиях присутствует всё необходимое для хорошего настроения на целый день: смех от различных позитивных моментов на лыжах, соперничество с одноклассниками, умение справиться с трудностями и преодолеть их на лыжне.

Уроки лыжной подготовки у Мухаметжана Каппасовича разнообразные и интересные, и дети ходят на них с удовольствием. Также школьникам нравятся различные лыжные прогулки, которые заставляют их мобилизоваться, не отставать друг от друга и позволяют почувствовать себя путешественниками. Свежий воздух, солнечные лучи, живописная зимняя природа, рассказ учителя о районе путешествия, интересных объектах на пути – всё это заинтересовывает учеников.



У Мухаметжана Каппасовича много и других вариантов повышения интереса к урокам лыжной подготовки. Главное, этот интерес есть у него самого, его настроение и отношение к лыжной подготовке обязательно передаются детям.

Через уроки лыжной подготовки он развивает школьников, совершенствует их физические качества, воспитывает такие черты характера, как творческая активность, ответственность за порученное дело, целеустремленность. А это, безусловно, очень важно. Человек, обладающий такими качествами, способен принести большую пользу обществу.

Мухаметжан Каппасович любит свою работу и всё, что с ней связано. И достигнув пенсионного возраста, не стремится уйти на заслуженный отдых. Он по-прежнему бодр духом и активен, влюблен в физкультуру и здоровый образ жизни, по-прежнему в окружении учеников и коллег. Ну а мы по-прежнему ценим и уважаем Вас, дорогой Мухаметжан Каппасович!

Список использованных источников:

1. Книги: авторов, под редакцией, из собрания сочинений и т.д. Васильков А.А. Теория и методика спорта / А.А.Васильков. – М.: Феникс, 2008. – 379 с.

2. Погадаев Г.И. Настольная книга учителя физической культуры. - М.: Физическая культура и спорт - 2019 г.

3. Селиванова Т.Г. // Современный олимпийский спорт и спорт для всех: 7 Междунар. науч. конгр.: Материалы конф., 24-27 мая 2003 г. - М., 2003. - Т. 3. - С. 332-333.

4. Фалеева А.А. Всегда в хорошей форме (Мой учитель физкультуры) // Старт в науке. – 2021. - № 2.

5. Электронный ресурс: <https://www.instagram.com/p/DAkoFcIA-qI/?igsh=MXh0cDl5cjJid29icA==>

<https://www.instagram.com/p/C4FO5pbNm6f/?igsh=a2xudG5ncGlnaDFt>

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...



*Кетебаева Жибек Балтабаевна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулиекөл ауданы білім бөлімінің
Тимофеев жалпы білім беретін мектебі» КММ
тарих пәнінің мұғалімі*

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...» деп ұлы Абай атамыз айтып кеткендей, білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз. Ұстаз - киелі ұғым. Осы ұлағатты сөздің астарында білімділік те, ақылдылық та, мейірімділік те, зерделілік те жатқан жоқ па? Елді басқарған басшыны, әйгілі әншіні, ұлы ақынды, еңбекті сүйген егіншіні де тәрбиелейтін ұстаз. Білімді ғалымдар, ойшыл дарындар, алып батырлар да осы ұстаздың тәлімімен алға қарай қадам басып, талай биіктерді бағындырған. Сондықтан ұстазға артылар жауапкершілік те орасан зор.

Кіршіксіз, пәк сезімді жас ұрпақты арман жолына жетелейтін де, білімнің қия шыңына көтеретін де ұстаз. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп, ғажайып дүниенің сырын ашқан, өмірдің қыр-сырын меңгеретін де ұлық тұлғалар. Сол тұлғалардың бірі емес, бірегейі қаншама шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан, үлкен өмірге жол бастаған ұстазым, ешкімге ұқсамайтын еңбекқорлығы мен адалдығы, білімділігі мен мейірімділігі бойынан табылатын **Шәйкелов Қозыбағар Шәйкелұлы** туралы болмақ. Оңашада отырып, алғашқы ұстазым туралы ойға кетсем, көз алдыма жарқын мінезді, ақ жүрек, жылы жүзді, қашанда көздерінен мейірім шуағын шашып



тұратын, әрі қайсар Қозыбағар Шәйкелұлының дидагы елестеп, еріксіз қиялға батып, жарқын естеліктерге жетелей жөнеледі... Ендеше, ұстазым білімнің отын жағып, бал-шырын нәрін шәкірт бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп қана қоймай, ұстаз болудың адам бойындағы ұлы қасиет екенін жақсы түсінді. Ол жүректің батырлығын да, сезімнің ақылдылығын да, мінездің жайлылығын да, білімнің байлығын да топтастырып, бір арнаға тоғыстыратын, бір сөзбен айтқанда, ұстаздықтың асыл қасиеттерін бойына сіңіре білді.

Қозыбағар Шәйкелұлы – Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Еңбек жолын 1976-1983 жылдары Степняк орта мектебінде тарих және құқық пәндерінен сабақ беруден бастады. Балаларды және ауыл жастарын тәрбиелеудегі еңбектерін жоғары бағалап, бірнеше рет білім беру басқармасы мен аудан басшысының мақтау қағазымен, құрмет грамоталарымен марапатталды. Аудан көлемінде ашық сабақтар өткізіп, жаңа әдіс-тәсілмен жұмыс істейтін ұстаз екенін дәлелдеген.

Ұстаз - адамдықтың диқаншысы. Адам тәрбиелеудің, жеке тұлғаны қалыптастырудың бағбаны.

Сонымен бірге ұстаздық еңбекпен қатар 1984-1987 жылдары Шөптікөл совхозында жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде совхоздың алға басуына, халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне үлес қосты. Әр мекеме, әр бригада және шопандар арасында жарыстар өткізіп, жеңімпаздарын ақшалай, заттай сыйлықтармен көтермелеп, ауылды көркейтуге өз үлесін қосуға күш салды. Абыроймен атқарылған жұмыс барысында бірнеше еңбек ардагерлерінің атын шығарды. Ауыл жастарын еңбекке баулып, салауатты өмір сүруіне де жан-тәнімен атсалысты. Осы еңбектерін бағалап, 2 рет аудандық кеңеске депутат етіп сайланды. Өскекен ұрпақты биік мақсаттарға жетелеп, өз бойында бүкіл адамзаттық құндылықтарды жинақтаған Қозыбағар Шәйкелұлы 1993 жылы ағарту саласындағы еңбегін бағалап, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталды. Осы жылдары «Жаңаша сабақ беру тәсілдерін» жасап, оны аудан, қала көлемінде көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті. Үнемі ізденісте болу, өз жұмысының жаңа

қырларын ашу - бұл мұғалім жұмысының нағыз шынайы айнасы мен бақыты деп айтуға болады. Міне, осы жұмысының іс-тәжірибелерін газет-журналдарда басылымға жариялап отырды.

Өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, өзінің бойындағы жақсы қасиеттерімен шәкірттерінің бойына өзіндегі бар жақсыны ұялата алды. 1995-2001 жылдары Арқалық қаласындағы Абай Құнанбаев атындағы орта мектебінде тарих және құқық пәндерінен сабақ берді. Осы жылдар ішінде бірнеше мақалалар жазып, жаңа тәжірибелерімен қала, облыс көлемінде бөлісті.



Ұстаз болмысындағы бар қасиет, құрметін, өмірден түйгенінің барлығын шәкіртінің санасына құйып, жүрегіне сөнбейтін алау жағады, шабытын шыңдайды. Шәкірттерінің келешегін ойлап, олардың қабілетті шәкірт болып, үлкен биіктерден көрінуін қалап, Қозыбағар Шәйкелұлының алдынан қаншама түлек түлеп ұшып, қазіргі таңда өмірде өз орындарын тауып, тәуелсіз елдің дамуына үлестерін қосуда. «Талаптыға нұр жауар», «Өнерлінің өрісі кең» дегендей, шәкірттерін қанаттандырып, оларды талай байқауларға қатыстырып, талай бәйгенің жүгенін ұстағандары ұстаздық жүрегіне жылу ұялатты.

2001-2016 жылдары Астанадағы Ғали Орманов атындағы жалпы білім беретін мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырады. Аталған мектепте талай оқушыны қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жұмыстарға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып, түрлі мақтау қағаздарымен марапатталды. Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, баяндама жасап, жақсы пікірлері мен іс-тәжірибелерін үнемі ортаға салып, әріптестерімен бөлісіп отырды.

Сонымен қатар Республикалық тест орталығында тест жинағын жасап, бұрынғысын қайта өңдеп, оқушыларға қиыншылықтар тудырмау жақтарына көп көңіл бөлді. Мектеп оқулықтарының сапалы жазылуына, ондағы кеткен олқылықтарды түзеуге атсалысты, аттестация мен ҰБТ сараптама комиссиясының мүшесі қызметін қосымша атқарды. Мектеп оқулықтары 7,8,9 сынып оқулықтарының қайтадан жазылуына үлес қосты.

Іскер, жаңалыққа жаны құмар, үздіксіз ізденіс үстінде жүрген мұғалім ғана оқушыға сапалы білім бере алады дегендей, Қозыбағар Шәйкелұлының биік белестерді бағындырып, алған асулары мен жеткен жетістіктері баршылық. Ұстаздың шәкірт тәрбиелеуде сіңірген еңбегін жоғары бағалап, білікті ұстаз талай марапаттарға ие болды.



2002 жылы оқушылардың тарихи және ғылыми жұмыстарының республикалық кезеңінде жеңіске жетіп, Астана қаласы әкімінің қолынан бағалы сыйлық пен дипломға ие болды. 2007 жылы Халықаралық конференцияда баяндама оқып, ол халықаралық конференцияның материалдар жинағына енді. 2008 жылы шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі үшін Білім және ғылым министрінің алғыс хатына ие болды. 2009-2011 жылдары Сарыарқа ауданы мен Астана



қаласының әкімдерінің алғыс хаты мен дипломдарымен марапатталды. 2010 жылы Қозыбағар Шәйкелұлының есімі «Жүрегін балаларға арнаған» атты республикалық үздік ұстаздарға арналған кітапқа енгізілді. 2015 жылы тарих және өлкетану ғылыми зерттеу институтының ғылыми кеңесінің шешімімен «Академик» атағы берілді. Шәйкелов Қозыбағар ұлағатты ұстаз ғана емес, үлгілі отбасының отағасы. Жұбайы Жұмаш Қабылдықызы екеуі төрт бала өсіріп, 10 немере тәрбиелеп отыр. Тұңғышы Арайлым С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде қызмет жасаса, Сымбат ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет етеді. Медет - эстрада жұлдызы, бірнеше Халықаралық байқаулардың дипломанты және лауреаты. Әсет - республикалық байқаулардың лауреаты, әрі жеке кәсіпкер. Немерелері өте жақсы оқып, қалалық іс-шараларға қатысып, жеңістерімен атасы мен әжесін қуанышқа бөлеуде.


Қорыта айтқанда, Шәйкелов Қозыбағар 48 жыл ғұмырын ұстаздық қызмет жолына арнаған бірегей тұлға. Осы жылдардағы жетістіктері ізденіс пен еңбектің арқасы. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, ұстаз болу үшін білімділік, ізденгіштік, талапшылдық, жаңашылдық, өз мамандығын шын сүйетін, оқушылардың жүрегіне жол таба білетін, үлкен жүректі, кеңпейілді жан болу керек. Қозыбағар ағайдың басты мақсаты – еліне адал, жақсы шәкірт тәрбиелеу болатын. Оқушылардың бойына Отансүйгіштікті, елі мен жерін қорғауды, ата-ананың алдындағы міндеттерін орындауды, батыл шешім қабылдап, оны жеткізе білуді үйрету, ата - бабамыздан қалған салт-дәстүрімізді бойына сіңіру оңай іс емес. Осындай шәкірттерді тәрбиелеп жүрген ұстаз, ең бақытты, арманына жеткен, мақсаты орындалған, өмір айдынынан өз орнын тауып, еңбегі жанған ұстаз.

Қозыбағар Шәйкелұлы - бүгінгі таңда зейнеткер, бірақ соған қарамастан білім беру саласынан қол үзген жоқ. Білім мен білік бәсекелескен заманда зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ тәрбиелеуде қызмет жасап келеді. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деп ақын жырлағандай, Шәйкелов Қозыбағар Шәйкелұлы сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында еңбегі бағаланып, «Тарих және қоғамдық білім беру академиясының академигі», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» деген атақтарды иеленді. Ұстаз еңбегінің бағалануы, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.facebook.com/share/p/14rN19zxsr/?mibextid=wwXIfr>
2. «Жүрегін балаларға арнаған» Республикалық үздік ұстаздарға арналған кітапқа енгізілді. 2010 жылы.
3. Шәйкелов Қ.Ш. жеке мұрағатынан.

С ТЕПЛОМ В СЕРДЦЕ И СПОРТОМ В ДУШЕ



*Кашева Екатерина Анатольевна,
учитель математики
КГУ «Тимофеевская общеобразовательная школа
отдела образования Аулиекольского района»
Управления образования акимата
Костанайской области*

Эта статья посвящена судьбе сельского учителя, который своим трудом, талантом и любовью к детям сумел воспитать поколение сильных, уверенных в себе людей. Это история о человеке, чья вера в учеников навсегда изменила их жизни.

В каждом небольшом селе есть свои герои - люди, которые своим трудом, талантом и сердцем делают жизнь вокруг лучше. Для села Тимофеевка, расположенного в Аулиекольском районе Костанайской области, таким человеком стал **Титаренко Николай Семёнович** — учитель физкультуры, тренер, воспитатель, вырастивший не одно поколение чемпионов и достойных людей. С ранних лет спорт стал частью его судьбы.



Окончив в 1978 году Кустанайский педагогический институт имени 50-летия СССР по специальности «Физическое воспитание», он твёрдо решил вернуться в родное село, чтобы отдать свои знания и силы детям. Николай Семёнович знал: настоящий успех строится не только на таланте, но и на ежедневной кропотливой работе.

Когда он пришёл работать в Тимофеевскую среднюю школу, условия были самыми скромными. Небольшой спортзал, старенький инвентарь — всё это стало ареной больших свершений благодаря

энтузиазму, вере и огромной любви к своему делу. С первых уроков Николай Семёнович сумел увлечь детей спортом, привить им интерес к движению, к борьбе, к стремлению становиться лучше с каждым днём. Уроки физкультуры под его руководством отличались особой атмосферой: каждый ребёнок чувствовал себя нужным, замеченным, способным на большее. И даже те, кто поначалу стеснялся или сомневался в себе, постепенно раскрывались, преодолевали неуверенность и учились побеждать — прежде всего самих себя. Эту мысль прекрасно выразил Ян Амос Коменский: «Главное в обучении — пробудить желание учиться» [2]. Но Николай Семёнович не ограничивался школьными уроками. Понимая, что для достижения настоящих результатов нужна серьёзная работа, он организовал спортивные секции «Лёгкая атлетика», «Лыжная подготовка», «Многоборье». Тренировки проходили в любое время года: летом — на стадионе, зимой — в спортивном зале и на улице.

Ни выходные, ни праздники, ни каникулы не могли остановить ребят - они с радостью спешили на тренировки день за днём, ведь там их ждал человек, который верил в их силы даже тогда, когда они сами ещё сомневались.

«Самое ценное в моей работе — видеть, как загораются глаза ребят, когда они впервые побеждают себя», — говорит Николай Семёнович.

Первые победы на школьных и районных соревнованиях не заставили себя ждать. За ними последовали успехи на областных турнирах, участие в республиканских соревнованиях. Под чутким руководством Николая Семёновича выросли спортсмены, чьи имена потом звучали на пьедесталах почёта:

Зеленская Юлия - мастер спорта международного класса, серебряный призёр Чемпионата мира по зимнему многоборью, неоднократный чемпион и призёр Республиканских соревнований по зимнему и летнему многоборью, участница 3-х Чемпионатов мира по полиатлону;

✓ Макушенко Вячеслав - мастер спорта международного класса, участник Чемпионата мира в Сочи по летнему полиатлону, чемпион Республиканских соревнований по летнему и зимнему многоборью,



чемпион республиканской спартакиады школьников по летнему и зимнему многоборью

Также среди его воспитанников 14 мастеров спорта, 48 кандидатов в мастера спорта Республики Казахстан. «Он всегда верил в нас, даже когда мы сами в себе сомневались», — вспоминают его воспитанники. Однако самой главной своей задачей Николай Семёнович всегда считал не только спортивные достижения учеников. Он учил их честности, порядочности, уважению к сопернику и к самому себе. Для него физкультура и спорт были не просто про здоровье и силу, а прежде всего — про воспитание характера. Об этом говорил и Пьер де Кубертен, основатель современного олимпийского движения: «Главное в жизни — не победа, а участие, главное — не триумф, а борьба» [3]. «Медали и грамоты — это приятно, но самое главное —

воспитать в ребёнке человека с сильным характером», — не раз отмечал Николай Семёнович.

Сегодня среди его воспитанников есть профессиональные спортсмены, тренеры, учителя физкультуры, а также люди, которые, выбрав другие профессии, пронесли через всю жизнь уважение к труду и волю к победе, заложенные когда-то на школьном стадионе родного села. Николай Семёнович всегда интересовался судьбой своих учеников. Он помогал советом, поддерживал в трудную минуту, радовался их успехам, переживал неудачи вместе с ними. И даже спустя годы бывшие ученики навещают его, рассказывают о своих достижениях, приводят к нему своих детей. «Мы благодарны Николаю Семёновичу за то, что он стал для наших детей не только тренером, но и настоящим наставником в жизни», — говорят родители учеников.



За годы преданной работы Титаренко Николай Семёнович был удостоен многих наград и званий:

- ✓ нагрудной знак «Отличник образования Республики Казахстан»;
- ✓ медаль «Ерен еңбегі үшін»;
- ✓ судья национальной категории по полиатлону;
- ✓ благодарственное письмо Первого Президента Н.А.Назарбаева в честь 10-летия Независимости Республики Казахстан;

- ✓ диплом 1 степени за лучшую физкультурно-оздоровительную и спортивную работу в селе;
- ✓ почётная грамота Республики Казахстан за вклад в пропаганду здорового образа жизни среди школьников. Алматы;
- ✓ благодарность Министерства образования и науки Республики Казахстан, Центра физической культуры и научно-практического центра за развитие массового спорта и большой вклад в пропаганду здорового образа жизни школьников;
- ✓ почётные грамоты, благодарственные письма акима района, отдела образования Аулиекольского района, центра физической культуры Костанайской области.

Но самой главной наградой для него всегда были живые, искренние улыбки учеников, их успехи и простые слова благодарности. Коллеги ценят его за открытость, доброжелательность и готовность всегда прийти на помощь. Молодые учителя перенимают у него бесценный опыт: как увлечь ребёнка, как воспитать в нём волю к победе, как вселить в юное сердце веру в свои силы. Даже сегодня, имея за плечами многолетний опыт, он продолжает вести уроки физкультуры и тренировки. Его энтузиазм по-прежнему не угас, а



глаза горят тем же огнём, что и много лет назад. И каждое новое поколение детей знает, что рядом с ними человек, который видит в каждом ребёнке чемпиона — даже если сам ребёнок пока этого не осознаёт. Многие выпускники школы вспоминают его с благодарностью и теплотой. В их рассказах Николай Семёнович — строгий, но справедливый наставник, который научил их верить в себя, преодолевать трудности, идти к своей мечте, несмотря ни на что. Он часто говорит своим ученикам: «Победа начинается не на стадионе, а в сердце. Если ты готов работать, бороться, не сдаваться — значит, ты уже победитель». Эти слова стали девизом для многих поколений ребят.

Николай Семёнович всегда подчёркивал, что спорт в сельской школе — это не только соревнования и тренировки. Это образ жизни, который закладывается с детства. Для многих ребят уроки физкультуры становились первыми шагами к здоровью, уверенности в себе и вере в собственные силы. Даже те, кто не стремился к спортивным вершинам, навсегда уносили с собой умение работать в команде, стремиться к цели и преодолевать трудности. За десятилетия работы Николай Семёнович стал для села Тимофеевка не просто учителем. Он стал символом преданности своему делу, образцом верности, честности и заботы о будущем поколении. И сегодня благодарные ученики, родители и коллеги говорят ему простые, но самые важные слова: **«Спасибо за всё, Учитель!»**

Именно благодаря таким людям, как Николай Семёнович, село сохраняет свои лучшие традиции: твёрдую волю, уважение к труду и любовь к родной земле.

Список литературы:

1. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. — М., 1868.
2. Коменский Я.А. Великая дидактика. — М., 1939.
3. Цитата Пьера де Кубертена: «Главное в жизни — не победа, а борьба», Центр олимпийских исследований МОК.

ДОБРЫЙ ПРОВОДНИК В МИР ЗНАНИЙ



*Лукас Ольга Дмитриевна,
учитель русского языка и литературы
КГУ «Димитровская общеобразовательная школа
отдела образования Алтынсаринского района»
Управления образования акимата
Костанайской области*

Учитель, будь солнцем, излучающим
человеческое тепло, будь почвой, богатой ферментами человеческих
чувств, и сей знания не только в памяти и сознании твоих учеников,
но и в их душах и сердцах...

Ш. Амонашвили

В тихой гавани школьных коридоров, где каждый день бурлит океан детских голосов и стремлений, стоит он – учитель, мудрый наставник, добрый проводник в мир знаний. Его имя навсегда останется в моей памяти не просто как имя преподавателя, а как символ неиссякаемого терпения, искренней увлеченности и безграничной веры в своих учеников. Подтянутый силуэт, внимательный взгляд из-под слегка нахмуренных бровей, и неизменная улыбка, озаряющая лицо теплым светом. Она не просто учитель, она – живой пример того, каким должен быть человек, преданный своему делу и любящий своих учеников.

Её уроки – это не скучные лекции, а захватывающие путешествия в мир языка и литературы. Она умеет сделать сложное простым, непонятное – ясным, а унылое – интересным. Её голос, мягкий и убедительный, завораживает, заставляя забыть обо всем на свете и погрузиться в увлекательный рассказ. И это всё о ней, моей удивительной коллеге, учителе казахского языка и



литературы *Нурмагамбетовой Куляйме Саровне*. Мне повезло встретить учителя, который не просто преподаёт казахский язык, а открывает нам душу народа, заключённую в его звучании.

Куляйма Саровна не сразу пришла в профессию учителя, был и другой путь, другая мечта. Она работала медицинской сестрой в детском саду, но со временем поняла, что главное её призвание не только следить за физическим здоровьем ребят, но и помогать им в духовном становлении. Нелегко давались ей первые шаги в педагогике, и всё же Куляйма Саровна уверенно шла вперёд, постигая новые для себя открытия. Она одна из первых, кто прошёл трёхмесячные курсы по обновлённому содержанию образования, потому что хотела, чтобы её уроки были более современными и продуктивными, интересными для каждого ученика, такими, где дети могут думать, размышлять, критически мыслить, познавая, и добывая знания путем самостоятельности, методом проб и ошибок.

Увлечь ребёнка, повести его за собой, стать опорой для него в постижении нового – стало главной целью в педагогической деятельности учителя.



В её классе всегда царит атмосфера творчества, взаимопонимания и поддержки. Она умеет создать дружелюбную обстановку, где каждый ученик чувствует себя комфортно и безопасно. Она внимательна к каждому из своих воспитанников, замечает малейшие изменения в настроении, готова прийти на помощь в трудную минуту. Она не просто учитель, она – настоящий друг, чуткий советчик, верный товарищ.

Её уроки – это не зубрежка правил грамматики и заучивание новых слов. Это путешествие по бескрайним степям казахской поэзии, знакомство с мудростью батыров и красотой национальных обрядов.

Она умеет сделать язык не просто предметом изучения, а ключом к пониманию истории и души казахского народа. Наверное, трудно найти человека так преданного своему делу, ведь душа педагога болит за ту ответственность, которая возложена на неё. Куляйма Саровна не просто учит грамматике и лексике, она учит нас всех любить казахский язык, гордиться своей культурой, ценить свои корни. Она воспитывает в своих учениках чувство патриотизма и уважения к казахскому народу. Педагог щедро делится с ребятами своими знаниями о национальных традициях и обычаях. Рассказывает о казахской кухне, о народных ремеслах, о тонкостях казахского этикета. Благодаря ей, приходит понимание того, что казахский язык – это не просто набор слов, а живой организм, в котором отражается вся история и культура народа. Свою задачу учитель видит в умении помочь ученику найти себя, сделать первое и самое важное открытие – открыть свои способности, а может быть, и талант. Куляйма Саровна понимает, что для того, чтобы раскрыть потаённые возможности каждого ученика от неё требуются знания, навыки и педагогическое мастерство. Есть множество способов сделать свои уроки интересными и красивыми, но самым главным на этом пути является вера в себя, вера в свои возможности, вера в свое большое предназначение. Не ошибается только тот, кто ничего не делает. Надо лишь научиться воспринимать свои ошибки как опыт.

«Что бы Вы хотели видеть в своих учениках?» Педагог ответила: «Хотелось бы, чтобы мои ученики, конечно, знали язык нашего государства, могли свободно общаться на нём, умели свободно мыслить, были бы толерантными, умели конструктивно решать проблемы, имели способности к самовыражению и еще много других очень важных качеств. Главное — чтобы каждый из них стал яркой индивидуальностью, стал личностью».



Я получаю большое удовольствие от работы, когда ученики после проведенного урока говорят «спасибо», когда вижу интерес и живой огонек в глазах своих учеников».

Куляйма Саровна – неугомонный труженик, преданный своему делу, искренне верящий в своих учеников. Она внимательна к каждому из них, замечает их маленькие победы и неудачи, не скупится на похвалу, когда ребята этого заслуживают, но и не боится указать на ошибки, делая это мягко и тактично. Она верит в своих учеников, даже когда дети сами в себя не верят.

И ребята отвечают ей взаимностью. Ни один районный конкурс не проходит без участия воспитанников Куляймы Саровны, и всегда они возвращаются в стены родной школы с победой, будь то предметная олимпиада по казахскому языку и литературе или творческий конкурс чтецов и знатоков казахского языка. Да и на

областном уровне всё чаще можно увидеть учеников этого удивительного педагога.

Непрерывное повышение квалификации, освоение новых программ и учебно-методических комплексов, передовых педагогических и информационных технологий, обобщение и распространение своего педагогического опыта и опыта коллег - разве это не бесконечное познание? В голове учителя постоянно крутятся новые педагогические идеи, нестандартные уроки. Ее девиз: «Все новое, интересное - на урок!».

О человеке судят по его делам. Труд Нурмагамбетовой К.С. отмечен множеством почетных грамот и благодарственных писем. Но главная ее награда - любовь и уважение учеников, в сердцах которых она оставляет яркий след.

Куляйма Саровна - не просто учитель казахского языка, она - душа казахской культуры. Она прививает любовь к языку не принуждением, а вдохновением, заражая нас своим энтузиазмом и своей безграничной любовью к казахской культуре. И за это мы ей бесконечно благодарны. Ее вклад в сохранение и развитие казахского языка неоценим, и я уверена, что она воспитает еще не одно поколение любящих и знающих свой язык людей. Такие учителя, как Куляйма Саровна, являются настоящим богатством страны. Они не только учат детей языку, но и воспитывают в них чувство патриотизма, гордости за свою культуру и историю.

Нам первым доверили детские души,
И мы чистоту их не смеем нарушить.
Ведь знания, опыт и доброе слово,
Способны дать детям всей жизни основу.
Но кто преподаст этот мудрый урок?
Лишь тот, чья профессия-педагог!



ЫБЫРАЙ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



*Мұрзақай Бибігүл Қашқанқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Жангелдин ауданы білім бөлімінің
«Ыбырай Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазақ халқының ағартушысы, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің есімі ел жадында мәңгі сақталмақ. Оның есімі тек ағартушылық қызметімен ғана емес, қазақ балаларына білімнің нұрын шашқан алғашқы мектептерді ашуымен де әйгілі. Сол мектептердің бірі – 1864 жылы Торғайда ашылған қазақ балаларына арналған тұңғыш мектеп. Бұл білім ордасы – қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісінің бастауында тұрған, жас ұрпаққа білімнің алғашқы сәулесін түсірген қасиетті шаңырақ.

Арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, Ыбырай мектебі өз дәстүрін жоғалтпай, білім мен тәрбиенің алтын бесігі болып келеді. Бүгінде ұлы ұстаз негізін қалаған осы мектепте лайықты қызмет атқарып жүрген ұстаздарымыз – нағыз білім сардарлары. Олар ұлы ағартушының өсиетін жалғастырып, жас ұрпақтың жүрегіне білім шырағын жағып жүр. Мектеп ұстаздары ұлы тұлғаның мұрасын насихаттап қана қоймай, жаңа әдіс-тәсілдер арқылы заманауи білім беруді мақсат етеді.



Ұлт ұстазының ізін жалғап жүрген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Алтынсариннің шығармашылығын тереңдете оқытып, оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән береді. Олар ұлы ағартушының шығармаларын тек оқытып қана қоймай, сол шығармалардағы тәрбиелік тағылымды жас ұрпақтың санасына

сіңіреді. Бұл ұстаздардың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде шәкірттері аудандық, облыстық, тіпті республикалық байқаулар мен олимпиадаларда жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Олардың білім сайыстарында топ жарып, мектептің мерейін өсіруі – ұстаздардың өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен еңбекқорлығының дәлелі.

*Ұстаз болу - жүректің батылдығы мен мейірімнің
нұрын бір бойына тоғыстырған абыройлы іс.
Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін бұл жолда
тек білім берумен ғана шектелмей, шәкірт жүрегіне
ізгілік пен арман отын жаққан жандар ғана нағыз
ұстаз саналады.*

Осындай қасиеттерді бойына сіңірген, білім мен тәрбиенің қазығын берік ұстаған ұстаздардың бірі — **Елеубаева Ақмарал Құлтаевна**.

Ақмарал Құлтаевна – Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде 30 жылдан астам уақыт бойы үздіксіз қызмет атқарып келеді. Оның ұстаздық жолы тек білім беру ғана емес, тәрбие мен рухани дамуға негізделген сара жол.

Ақмарал Құлтаевна өз қызметінде Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық мұрасын басшылыққа алып, жас ұрпаққа қазақтың бай мәдениеті мен әдебиетін танытып, ұлттық құндылықтарды сіңіруді басты мақсат етеді. Ол оқушыларын ұлттық рухта тәрбиелеу арқылы олардың болашақта елге адал қызмет етуіне жол ашады. Оның сабақтары тек білім беру ғана емес, тәрбие мен рухани дамудың қайнар көзіне айналған.

Ұстаз өз еңбегінің нәтижесін шәкірттерінің жетістіктерінен көріп, олардың табыстарымен мақтанады. Ақмарал Құлтаевна әр оқушының қабілетін байқап, олардың дарынын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Оның ізденісі мен жаңашылдығы шәкірттерін тек біліммен ғана емес, жан-жақты дамуымен де қамтамасыз етеді.

Ақмарал Құлтаевнаның оқушылары жыл сайын республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болып келеді. Ұстаздың

қажырлы еңбегі мен шәкірттеріне деген шынайы ықыласы зор жетістіктерге жеткізуде. Биылғы оқу жылы да Ақмарал ұстаз үшін табысты жылдардың бірі болды. Шәкірті Бұқарбай Айару республикалық «Махамбет оқулары» байқауында жеңіске жетіп, өңірдің мәртебесін асқақтатты. Бұл жетістік – тек Айарудың ғана емес, ұстаз еңбегінің де жемісі. Ақмарал Құлтаевна жас өреннің бойына Махамбет рухын сіңіріп, оның өлеңдерін жүрекпен сезіне білуге баулыды.

Сонымен қатар облыстық «Мұқағали оқулары» байқауында үш бірдей шәкірті жүлделі орындарға ие болды. Олардың бірі – Ғалымжан Аружан, мамыр айында өтетін республикалық кезеңге жолдама алып, ұстазының үмітін ақтауда. Бұл – Мұқағали жырларына деген шынайы махаббат пен ұстаз еңбегінің нәтижесі. Айтан Ерболат есімді тағы бір шәкірті облыстық «Мағжан оқуларына» дайындалып, шығармашылық ізденісте жүр.

Бұл жетістіктер – ұстаздың бір ғана сыныбының нәтижесі. Ақмарал Құлтаевна сабақ беретін басқа сыныптардағы оқушылар да білім мен шығармашылық жарыстарында биіктерден көрініп жүр. Оқушылары «Ыбырай оқулары», «Абай оқулары», «Шәкәрім оқулары», «Яссауи оқулары», «Әбіш оқулары», «Мұқағали оқулары» сияқты рухани-мәдени байқауларға ерекше белсенділікпен қатысып, жеңісті сәттерге қол жеткізіп жүр. Сонымен қатар оқушылар жалпы білім беретін пәндер олимпиадасында, «Ауыл» олимпиадасында, «Жарқын болашақ» олимпиадасында аудан намысын абыроймен қорғап жүр. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен үздік нәтиже көрсетіп, облыстық және республикалық кезеңдерге жолдама алуда.

Ақмарал Құлтаевна өзінің ерекше оқыту әдісімен де дараланады. Ол әр оқушының қабілетін ашып, дарындылығын дамытуға арналған тиімді тәсілдерді қолданады. Сабақ барысында оқушыларға тақырыпты тереңірек меңгеруге мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмалар мен зерттеу жұмыстарын ұсынады. Пәнге деген қызығушылықты арттыру үшін көркем әдебиет пен поэзияны тың әдістермен талдайды.

Дарынды балалармен жұмыс жасау - үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты және кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі міндет. Ақмарал Құлтаевна осы жауапты істі жоғары деңгейде атқарып келе жатқан тәжірибелі ұстаздардың бірі. Ол әрбір дарынды оқушымен

жеке жұмыс жасауға ерекше көңіл бөледі. Ұстаздың басты ұстанымы - әр баланың қабілетін дер кезінде байқап, сол қабілетті әрі қарай дамытуға жағдай жасау.

Ақмарал Құлтаевна дарынды балалармен жұмыс жасауда оқытудың инновациялық әдістері мен заманауи технологияларды тиімді пайдаланады. Ол дарынды оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жобалық жұмыстар мен зерттеу тапсырмаларын жиі қолданады. Сонымен қатар дарындылықты дамытуда оқушыларды әдеби шығармашылыққа баулу, өлең жазу және мәнерлеп оқу сияқты қабілеттерін шыңдауға баса назар аударады.

Әр дарынды баланың мүмкіндігі әртүрлі болғандықтан, Ақмарал Құлтаевна әр оқушыға жеке жұмыс жоспарын құрастырады. Бұл жоспар дарынды оқушының қызығушылығына, қабілетіне және мақсаттарына сәйкес жасалады. Мысалы, көркем сөз оқу шеберлігі бар балаға поэзиялық байқауларға дайындықты күшейтсе, эссе жазуға бейімі бар оқушыға шығармашылық тапсырмаларды молынан береді. Оқушының әлеуетін арттыру мақсатында ұстаз зерттеу жобаларын да енгізеді. Зерттеу жобалары оқушылардың өздігінен ізденуіне, материалдарды талдауына және қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар тек білімді арттырумен ғана шектелмей, олардың өз ойын еркін жеткізуге, пікірталасқа қатысуға, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Дарынды балалардың қабілетін шыңдауда шығармашылық тапсырмалардың рөлі ерекше. Ақмарал Құлтаевна оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін дебаттық әдістерді де тиімді қолданады. Сабақ барысында оқушыларды екі топқа бөліп, өз пікірін дәлелдеу, қарсы пікір айту дағдыларын қалыптастырады. Мұндай тәсілдер оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттырып қана қоймай, танымдық



қабілетін де жетілдіреді. Сондай-ақ, әдеби кейіпкерлердің бейнесін сомдау арқылы оқушыларға рөлдік ойындар ұйымдастырады. Бұл әдіс балалардың тіл байлығын арттырып қана қоймай, олардың көркем мәтінді терең түсінуіне және кейіпкердің ішкі жан дүниесін сезінуіне септігін тигізеді.

Ұлағатты ұстаздың дарынды балалармен жұмысы — шынайы махаббат пен еңбекқорлықтың көрінісі. Ақмарал Құлтаевнаның әрбір жетістігі оның тынымсыз еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз. Ұстаздың кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиеті оқушыларды биік белестерге жетелеп, олардың жарқын болашағына жол ашады.

Ыбырай ізін жалғап, жас ұрпақты білім мен тәрбиенің ұштастығында баулып жүрген Ақмарал Құлтаевна сияқты ұстаздардың еңбегі қашан да елеулі болмақ. Оның шәкірттері келешекте еліміздің дамуына үлес қосып, ұстаз еңбегін ақтап, ел мақтанышына айналары сөзсіз. Дарынды балалармен жұмыс жасау арқылы ол ұлт болашағына сенімді қадам жасап, ұлы ағартушының мұрасын мәңгілікке жаңғыртуда.

Ұстаздың кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиеті оны әріптестері арасында да ерекше құрметке бөлейді. Ақмарал Құлтаевна өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, мейірімді жан. Оның шәкірттеріне деген мейірімі мен кәсібіне деген махаббаты көптеген жас ұстаздарға үлгі. Педагог ретінде тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың рухани дамуына да зор үлес қосып келеді. Жас буынға ұлағатты тәрбие мен терең білім бере отырып, Ақмарал ұстаз еліміздің жарқын болашағына өз үлесін қосуда. Оның шәкірттері тек байқауларда ғана емес, өмірде де өз орнын тауып, ел мақтанышына айналып жүр.

Елеубаева Ақмарал Құлтаевна – өзінің педагогикалық тәжірибесімен, шығармашылығымен, ерекше оқыту әдісімен көпке




үлгі ұстаз. Оның ұстаздық жолдағы ізденісі мен қажырлы еңбегі жас буынға жарқын жол ашып, еліміздің болашағына үлес қосып келеді.

Алдағы уақытта да Ақмарал ұстаздың еңбегі еленіп, шығармашылық жолындағы жетістіктері көп болғай дейміз. Ыбырай ізін жалғап келе жатқан осындай ұстаздарымыз барда ұлы ағартушының мұраты мәңгі жасай бермек.

ҰСТАЗ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Нұрбекова Балнұр Жомартқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№28 мектеп -гимназиясы» КММ
биология пәнінің мұғалімі



Сейталиева Эльмира Қайрбекқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№28 мектеп -гимназиясы» КММ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Есенова Эльмира Есмагуловна 1976 жылы 5 сәуірде Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Балықты ауылында дүниеге келген. Отбасында төрт ағайынды, олардың ішіндегі тұңғышы - Эльмира апай. Ата-анасы - қарапайым кісілер. Әкесі көп жылдар көлік жүргізуші болып жұмыс атқарды. Анасы үй шаруасында болған. Эльмира Есмагуловна ата - әжесінің қолында өсіп, сол кісілерден тәрбие алған. Мектеп жасына жеткенде ауылдағы тоғыз жылдық мектептің бірінші сыныбына барады. Кейін Қостанай қаласындағы сол кездегі жалғыз қазақ мектебі – Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатына оқуға түседі. Ол мектепте 2 жыл оқып, білім алады. Екі жылдан кейін бұл мектепті де жақсы аяқтап, Қостанай мемлекеттік университетіне емтихан тапсырады. Емтиханнан сүрінбей өтіп, 1993 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің

биология факультетінің студенті атанады. Аталған білім ордасын 1997 жылы аяқтап, биология пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Еңбек жолын өзінің туған ауылындағы Балықты негізгі мектебінде бастады. Биология және химия пәндерінен сабақ берді.



Осы мектепте он алты жыл балаларды білім нәрімен сусындатты. Ұжымда өзіне сабақ берген ұстаздарымен бірге жұмыс істеді. Ұстаздық еңбектің қырсырын сол кісілерден үйренді. 2013 жылы ауылындағы мектеп жабылатын болып, Қостанай қаласына қоныс аударады. Қалада облыстық балалар үйіне тәрбиеші болып орналасады. Бір жылдан кейін мектепке, яғни ұстаздыққа қайта оралады. Қостанай қаласындағы №5 орта мектепке биология пәнінің мұғалімі болып орналасады. Мұндағы ұжым Эльмира Есмагуловнаны жақсы қарсы алады.

Ауыл мектебінде 9-шы сыныпқа дейін сабақ беріп келсе, енді 10-11 сыныптарға сабақ бере бастайды, ҰБТ-ға дайындықтар жүргізеді. ҰБТ-ны сәтті тапсырған оқушылары жыл сайын Мәскеу, Қостанай, Алматыдағы жоғары оқу орындарының гранттарын жеңіп алып жүр.

Қазіргі уақытта 2019 жылдың қараша айынан бастап ұжыммен бірге Қостанай қаласындағы жаңадан ашылған №28 мектеп-гимназиясына ауысып, ұстаздық жолды осында жалғастыруда. ҚР Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Жаратылыстану» пәндері бойынша биология пәнінен біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруден Эльмира Есмагуловна еш жалыққан емес.

Еселі еңбек те елеусіз қалған жоқ. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арналған жолдауын білім беру ұйымдарының педагогтары мен білім

алушылары арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Дарынды оқушылардың қабілетін айқындау, дамыту» жобасы аясында өткен «Биология пәнінің үздік педагогы-2020» атты республикалық байқауға қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. «BILIM ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығынан білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Қазақстанның білім беру саласының үздігі» атты төсбелгімен марапатталды.

2024 жылы «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсы - мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарына арналған жыл сайынғы республикалық бейнесабактар мен бейнеәдістер конкурсының аймақтық кезеңінде «Денсаулық сақтау сауаттылығы» номинациясында Есенова Эльмира Есмагуловна жүлделі І орынды иеленді. Сонымен қатар республикалық кезеңге жолдама алып, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастырған «Педагогикалық идеялар панорамасы» конкурсының республикалық кезеңінде ІІ орынға ие болды.

2024 жылы Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Білім беру қызметкерлеріне арналған республикалық сайт ұйымдастырған «Үздік сабақтан тыс іс-шара-2020» конкурсының ІІ дәрежелі диплом иегері. Бастауыш негізгі орта, жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары арасындағы «Өнегелі ұстаз» республикалық сырттай конкурсының ІІ дәрежелі жеңімпазы.

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы,



Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы», - деп ақын Ғафу Қайырбеков жырлағандай, ұстаз ақылды, мейірімді, батыл, білімді, жан-жақты болу керек. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Осыған байланысты «ұстазға өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялайтын жан» - деп Ж.Ж.Руссо баға берген болатын. Ұстаздардың әсерлі үнмен асықпай, мәнерлеп



сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай болып көрінеді.

Эльмира Есмагуловнаның бала кезден арманы - ұстаз болу еді. Сол кезден-ақ ұстаз – мектептің айнасы, бәйтерегі екендігін жете түсінді. Оның мұғалім мамандығын таңдап, еңбек еткеніне қазіргі таңда жиырма жеті жыл болды. Осы уақытқа дейін Эльмира Есмагуловна өзінің кішкентай шәкірттеріне де, жас мамандарға да үлгі көрсетіп, білімін оздырған болатын. Қазіргі уақытта да шәкірттеріне қамқорлығын көрсетуден еш жалықпайды. Білім нәріне сусындаған оқушылар, ұстазының берген білімінің арқасында оның үмітін ақтап, көптеген жетістіктерге жетуде. Атап айтатын болсақ, биылғы оқу жылында «Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының табысты кілті - жас ұрпақтың интеллектуалдық әлеуметі» атты Т.Е. Дәулетбаев атындағы мектеп оқушыларының XII аймақтық ғылыми-практикалық конференциясында оқушысы Темірбек Айару «Медицина. Психология. Экология» секциясында ІІІ орынға ие болды.

«ProEco» Республикалық экологиялық жобалардың қалалық сырттай байқауында I орын алғаны үшін №28 мектеп-гимназиясының оқушысы Әмірхан Аяғөз марапатталды. Ол жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлделі II дәрежелі дипломымен марапатталған. Пән олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып, Назарбеков Адилет I орынға ие болды.

Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған ұзақ еңбек жолындағы өмірілік ұстанымы - әрқашан шығармашылық ізденісте, ой қозғалысында болу. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - шығармашылық. Мұғалім өз шығармашылығы арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Ал ұстаздың мақсаты – оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу.

Ұстаз бақыты - білімді ұрпақта, абыройлы еңбекте дер едім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие, адамгершілік, адалдық тәрізді ізгі қасиеттерді бойына дарытып, дұрыс бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі өлшеусіз екені сөзсіз. Ендеше, ұрпақ тәрбиесіне ұлағатымен үлес қосқан ұстаздар қауымына мәңгілік құрмет пен алғыс айту - біздің азаматтық әрі шәкірттік парызымыз. Біз ұстаздың еңбегін әрдайым бағалап, құрмет тұтуымыз керек. Өйткені, ұстазға көрсетілген құрмет – білімге, тәрбиеге, болашаққа көрсетілген құрмет. Тәуелсіз еліміздің болашағына қызмет етуші ертеңгі күннің майталмандары болар саналы да салиқалы ұрпағымыз көп болғай!

Ұстаздық - ұлы мамандық. Саналы тәрбие мен сапалы білім беруде ұстаздың алар орны бөлек екені сөзсіз.

Эльмира Есмагуловна - отбасында аяулы жар, ардақты ана. Үлкен қызы Астанадағы медицина университетінің II курс студенті. Кіші қызы Қостанай қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды. Ұлы Қостанай қаласындағы М. Хәкімжанова атындағы №20 мектептің сегізінші сынып оқушысы.

Әріптесімізге шәкірт тәрбиелеудегі еңбегіне табыс, отбасына амандық, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

СЕРДЦЕ, ОТДАННОЕ ШКОЛЕ: ПУТЬ ДЛИНОЙ В 40 ЛЕТ



*Сакенова Айжан Туйаховна,
заместитель директора по учебной работе
КГУ «Тимирязевская общеобразовательная школа
отдела образования Сарыкольского района»
Управления образования акимата
Костанайской области*

Учитель — это древнейшая и уникальная профессия, которая находится вне времени, моды и географии и остаётся востребованной и сегодня. Как и всё на свете, она претерпевает значительные изменения. В словаре Ожегова сказано, что учитель — это лицо, которое кого-либо чему-либо обучает. В современной жизни рамки профессии учителя значительно расширились. Учителя передают нам знания на курсах иностранных языков, учат различным бизнес наукам, как бизнес — тренеры и коучи. Невозможно точно сказать, когда именно произошла эта профессия, требующая от человека полной самоотдачи, мудрости и любви к тому, что он делает. В жизни каждого человека есть учителя, чьи слова и наставления остаются с нами на долгие годы. Это не просто передача знаний — это формирование личности, вдохновение, пробуждение стремления к высоким целям. В Сарыкольском районе есть школа, которая гордится своими педагогами, но среди них есть одна особенная фигура — человек, посвятивший более 40 лет своей жизни образованию, воспитавший не одно поколение достойных выпускников школы и талантливых учеников,



создавший сплочённый педагогический коллектив. Судьба учителя — это не просто работа, а настоящее призвание. Герой нашей истории — педагог с большой буквы, чьё имя неразрывно связано с Тимирязевской школой. Трудовой путь **Романишеной Татьяны Анатольевны** — это не только долгая служба системе образования, но и бесконечная любовь к своему делу, преданность ученикам и своему коллективу, а также стремление передать не только знания, но и ценности, которые помогут им в жизни.

Каждый ее урок — это не просто изложение фактов и правил, а настоящее путешествие в мир знаний. Она умеет зажечь в учениках искру интереса, увлечь материалом, помочь поверить в себя.

Сорок восемь лет УЧИТЕЛЬ с большой буквы посвятил Тимирязевской школе, а двадцать шесть из них трудилась в должности заместителя директора по учебной работе. За это время она не только вела уроки, но и организовывала учебный процесс, помогала не только молодым педагогам, но всем коллегам, вдохновляя их на нелегкий труд. Благодаря её опыту школа не просто давала образование, а воспитывала личности, которые добились успеха в самых разных сферах.

Именно поэтому учителя и выпускники с теплотой вспоминают школьные годы и считают её не просто учителем и коллегой, а наставником, который дал им путёвку в жизнь.

Говорят, что великий учитель — это тот, кто не просто объясняет материал, а приучает учеников мечтать, ставить перед собой высокие цели и достигать их. Под её руководством коллективом воспитано множество талантливых школьников, ставших победителями олимпиад, конкурсантами престижных образовательных программ, студентами самых лучших высших учебных заведений.

За годы её работы в должности заместителя директора по учебной работе Тимирязевская школа приобрела репутацию организации образования, где трудятся талантливые и творческие педагоги.

Татьяна Анатольевна, как настоящий руководитель не просто управляет процессами — она вдохновляет людей, создаёт атмосферу доверия, уважения и профессионального роста.

Её талант как организатора помог сплотить коллектив, сделать его дружной семьёй, где каждый учитель не просто выполняет свою работу, а горит своим делом. Под её руководством в школе сложилась система наставничества: опытные педагоги помогают молодым коллегам, передают им свои знания, учат тонкостям педагогического мастерства. Благодаря этому школа стала местом, где дети получают не просто образование, а вдохновение, поддержку и уверенность в завтрашнем дне.

Тимирязевская школа славится по области своим туристическим кружком. Именно Татьяна Анатольевна стояла у истоков зарождения туристической деятельности в нашей школе, которая на данный момент активно развивается. Команда «Алтай» под руководством учителя физической культуры Шаймерденова Армана Турсунулы на протяжении нескольких лет является чемпионом области по спортивному туризму, участником и призером республиканских соревнований.



Сегодня Татьяна Анатольевна по-прежнему в строю, продолжает «учить учителей», талантливо передавая свой значительный трудовой опыт, знания новым поколениям педагогов, заряжая энергией, любовью к своей профессии и родному селу. Татьяна Анатольевна является для нас образцом настоящего педагога – всесторонне



развитого, глубоко образованного, внимательного и понимающего, беззаветного влюбленного в свою профессию.

Такой труд не мог остаться незамеченным. Татьяна Анатольевна имеет Благодарственное письмо Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, за свои заслуги в 2023 году, накануне Дня учителя, она была удостоена медали «Еңбек ардагері». Эта награда — символ признания её многолетнего добросовестного труда, преданности профессии и огромного вклада в развитие образования.

Но самой главной наградой для учителя всегда остаются успехи и достижения его учеников. Семеро выпускников Татьяны Анатольевны связали свою судьбу, как и их учитель, с преподаванием английского языка. Среди выпускников Татьяны Анатольевны есть люди разных профессий, но в большинстве своем — педагоги. В Тимирязевской школе, бок о бок вместе со своим учителем, трудятся

ее ученики, ныне учителя – Оразалина З.М., Пошатов И.Г., Оразалина С.Б., Бралина С.У., Сакенова А.Т., Шаймерденов А.Т., Абдулина А.Т., Латыпова Г.М., Латыпова Е.Ю., Мусаинова А.Б., Махметова И.В., Ковалевич Н.Н., Московченко В.Ю., Полякова Н.Г., Пошатова С.В., Абдрахманова Р.К., Убакова Т.В., Абдульминов Р.Д., Сычев Е.В., Алекперов В.О. остальные работают в Сарыкольском районе, в области и за ее пределами.

До нынешнего дня, также выпускники нашей школы под чутким руководством этого выдающегося педагога поступают в престижные вузы нашей страны и не только. Становятся профессионалами в своих областях, а главное — несут в жизнь те ценности, которые учителя прививали им в школе, где трудится Татьяна Анатольевна.

В наше время профессия учителя считается не самой престижной, но сложной и совершенно очевидно одно, для того, чтобы быть хорошим педагогом, нужно без оглядки на общественное мнение любить детей, любить жизнь, **ЛЮБИТЬ СВОЕ ДЕЛО** и верить в то, что оно правое и именно такими принципами руководствуется Татьяна Анатольевна. Часто говорят, что школа — это второй дом для ребёнка. Но немаловажно, кто встречает его там, кто становится проводником в мир знаний. Этот учитель сделал Тимирязевскую школу не просто организацией образования, а настоящим центром вдохновения, где раскрываются таланты, формируются характеры, закладываются основы будущих успехов.



Имя Татьяны Анатольевны навсегда останется в истории школы, её наставления и мудрые советы — в сердцах коллег. Этот педагог показал на примере, что настоящее призвание — это не просто профессия, а смысл жизни.

Пусть её труд будет примером для будущих поколений учителей, а её вклад в образование Сарыкольского района никогда не забудется.

Список использованных источников:

1. Электронный ресурс https://kafabella.ru/deti/article_post/professiya-uchitel-eto-zvuchit-gordo

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ҰСТАЗ



*Серикбаева Асем Кыстаубаевна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Жангелдин ауданы білім бөлімінің
«Ыбырай Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
мектеп директорының бейіндік оқыту
жөніндегі орынбасары*

Ұстаздық – жүректің жылуын, сананың сәулесін, мейірімнің шуағын бойына жинаған қасиетті мамандық. Бірақ сол ұлы жолда жүрген жандардың ішінде өз болмысымен, ерекше әдіс-тәсілімен дараланатын ұстаздар бар. Олардың шәкірт жүрегіне жол табар өзіндік дауысы, қайталанбас болмысы болады. Көп адам ұстаздықты тек білім берумен байланыстырады. Алайда, болмысы бөлек ұстаз үшін бұл жеткіліксіз. Ол тек пән мұғалімі емес, оқушылардың өміріне бағыт-бағдар беруші, адастырмас шамшырақ. Мұндай ұстаздың сыныбы – қарапайым сабақ өтетін орын ғана емес, ой мен қиялдың ұшар биікке көтерілетін алаңы.

Ұстаз болу – жүректің қалауы, жанның тазалығы, ақылдың парасаты. Бұл – бір ғана мамандық емес, бұл – ұлы жол, ұлт болашағын тәрбиелеу жолы. Осындай асқақ та қасиетті міндетті абыроймен атқарып жүрген жандардың бірі – **Қасқатаева Балзира Мұхитқызы.**



Ол еңбек жолын еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылы бастаған. Сол кезден бері білім саласында елеулі еңбек етіп келеді. Торғай жеріндегі Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған қасиетті білім ордасында үзіліссіз қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеп, білікті мамандарды дайындауға сүбелі үлесін қосып жүрген білікті ұстаз.

Балзира Мұхитқызының ұстаздық болмысы оның жеке қасиеттерімен айқындалады. Ол – ізденімпаз, білімді, сабырлы, мейірімді, өз ісіне шынайы берілген жан. «Мұғалім қандай болуы керек» деген сұраққа оның өмірі мен еңбегі нақты жауап бола алады. Өзінің жылы жүзімен, терең білімімен, үздіксіз ізденісімен әрбір оқушының жүрегіне жол тауып, биология ғылымына деген қызығушылықты оята біледі.

Жаратылыстану ғылымдары – күрделі әрі ерекше бағыт. Биология пәнін оқыту тек теорияны үйрету емес, ол – оқушылардың табиғатты танып-білуіне, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, ғылыми ойлау жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Балзира Мұхитқызы осы қағиданы басшылыққа ала отырып, әр сабағын ерекше ұйымдастырады. Оқушылардың тек жаттанды білім алуына емес, тәжірибе жасау арқылы қоршаған әлемді тануына баса мән береді.

Сабақтарында түрлі зертханалық жұмыстар жүргізіп, оқушыларды өз бетінше ізденуге дағдыландырады.

Балзира Мұхитқызының шәкірттері жыл сайын пәндік білім сайыстарында жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Бұл - ұстаздың оқыту әдісінің тиімділігі мен терең білімінің айқын дәлелі. Әрбір оқушысының жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Оның шәкірттері тек биология пәнін ғана меңгеріп қоймай, болашақ өмірлерінде ғылыммен айналысуға, зерттеуші болуға ұмтылып келеді.

Ұстаздық – тек мамандық емес, ол – өмірлік миссия.

Шәкірт тәрбиелеп, білім нәрін себу, жастардың бойында ғылымға деген қызығушылықты ояту – кез келген мұғалімнің қолынан келе бермейтін ұлы іс.

Ұстаздың басты міндеті – білім беру ғана емес, адам тәрбиелеу. Балзира Мұхитқызы осы ұстанымды мықтап ұстанып, оқушыларын білімге ғана емес, адамгершілікке, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке баулиды. Оның жолын қуып, ұстаздықты таңдаған шәкірттері де аз емес. Өзі қызмет ететін мектепке кейіннен келген биология пәні мұғалімдері Әмірғалиева Томирис Нығметқызы, Батырхан Сәуле Бектемірқызы және өзінің шәкірті болған Бекзат Болатқызын кәсіби маман ретінде қалыптастыруға үлкен ықпал етті. Бұл да ұстаздық шеберліктің, білімі мен тәжірибесінің көрінісі дер едім.



Бүгінде Бекзат Болатқызы – аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі, биология пәні бойынша әдіскер мұғалім ретінде қызмет атқарады. Өз ісінің шебері, ұстазының еңбегін лайықты жалғастырып келе жатқан маман. Ал Томирис Нығметқызы «Жангелдин ауданының үздік мұғалімі» атанып, есімі Торғай жастарының алтын кітабына енді. Бұл – үлкен жетістік, жас ұстаздың биік белесті бағындырғанының айқын дәлелі. Сәуле Бектемірқызының да өзіндік қолтаңбасы бар, дарынды оқушыларды тәрбиелеп жүрген білікті ұстаздардың бірі.

Балзира Мұхитқызының шәкірттері – оның еңбегінің айнасы. Ол кейінгі буын мұғалімдерге тәлім-тәрбие беріп, білім сапасын

арттыруға үлес қосып қана қоймай, олардың кәсіби шыңдалуына да ықпал етіп келеді.

Менің кейіпкерім осы жолда аянбай тер төгіп, саналы ғұмырын білім беру саласына арнап келе жатқан жан. Оның еңбегі ұжымда да ерекше құрметке ие. Әріптестері оны сабырлы мінезі, жоғары біліктілігі, адалдығы мен еңбекқорлығы үшін сыйлайды. Ал оқушылары оны тек ұстаз ретінде емес, өмірлік бағыт-бағдар беруші тәлімгер ретінде көреді. Бұл – кез келген мұғалімге бұйыра бермейтін құрмет. Қазақ халқы «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді. Балзира Мұхитқызы – осы сөздің айқын дәлелі. Оның білім саласындағы үздіксіз еңбегі, шәкірттерінің биік жетістіктері, әріптестеріне көрсеткен үлгісі – ұстаздық жолдың шынайы бейнесі.



Қазіргі заман мұғалімдері тек ақпарат беруші ғана емес, шабыттандырушы, бағыт-бағдар көрсетуші болуы керек. Ал болмысы бөлек ұстаз – уақыт ағымынан озып, шәкірттерін жарқын болашаққа жетелеуші. Ол өзінің ізгілікке толы жүрегімен, ұлағатты сөзімен, өнегелі ісімен ұрпақ санасына мәңгілік із қалдырады.

Қасқатаева Балзира Мұхитқызы – тек биология пәнінің мұғалімі ғана емес, ол – шәкірт жүрегінен орын алған ұлағатты ұстаз. Бар өмірін жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім нәрін себуге арнап келеді. Ұстаздық жолындағы қажырлы еңбегі көптеген шәкірттің өміріне бағыт-бағдар беріп, болашақтарына даңғыл жол ашты. Бүгінгі таңда ол тек өз пәнінің білгірі ғана емес, сондай-ақ жас мамандарға тәлім беріп, ұстаздықтың жоғары деңгейіне көтерілді. Мұндай ұстаздар барда білім саласының болашағы жарқын, шәкірттердің арманы асқақ болары сөзсіз. Балзира Мұхитқызының еңбегі мен өнегесі – ұстаз болуды армандайтын жастар үшін үлкен үлгі.



Ұстаз – ұлы тұлға. Ал болмысы бөлек ұстаз – өмірді өзгертуші. Ұстаздық жолға адалдық танытып, ұрпақ тәрбиесіне бар өмірін арнаған Балзира Мұхитқызынан алар тағылымымыз, үйренер үлгіміз әлі де көп. Ол – нағыз ұлағатты ұстаз, шынайы білім шырақшысы!

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫ – ШАБЫТТЫ ЕҢБЕКТЕ



*Серикбаева Асем Кыстаубаевна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Жангелдин ауданы білім бөлімінің
«Ыбырай Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
мектеп директорының бейіндік оқыту
жөніндегі орынбасары*

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген халық даналығының терең мағынасы бар. Шынында да, шәкірт бойындағы ұстамдылық, тәрбиелілік және білімге деген құштарлық көбіне ұстазға байланысты. Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен парасаттылықтың дәнін себуші тұлға. Ұлы Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель» деп, ұстазға деген шексіз алғысын білдірсе, қазақтың хандары мен ақындары да ұстаздарына ерекше құрмет көрсеткен. Абылай хан Төле биді өзіне ұстаз тұтса, Шәкәрім ұлы Абайды ұстазым деп қадірлеген. Бүгінгі таңда ұстаздың рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Білім мен ғылым қарыштап дамыған заманда шәкірттерін дүниежүзілік білім, ақпарат және экономика кеңістігіне шығаруға, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге дайындау – нағыз ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Осы жолда ұстаз тек пән мұғалімі ғана емес, тәрбиеші, ақылшы, бағыт беруші тұлға болып табылады.

Мен де ұстаздық мамандықты қалап, білім саласында ширек ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келемін. Осы жылдар ішінде өмірімде өзіндік орны бар, маған жол көрсеткен, санамды сәулелендіріп, бойыма білім мен тәрбие дәнін еккен ұстаздарым аз емес. Олар – мектеп қабырғасында алғаш қалам ұстатып, әріп танытқан аяулы ұстаздарым, мамандығымның қыр-сырын меңгерткен жоғары оқу орнындағы профессорларым және еңбек жолымды бастаған кезден бастап өз тәжірибесімен бөлісіп, бағыт-бағдар берген тәлімгер ұстаздарым. Осы ұстаздарымның ішінде ерекше орын

алатын, бойындағы адами қасиеттерімен, біліктілігімен, қарапайымдылығы және кемелдігімен көпке үлгі болған әріптесім – **Әбішева Римма Өмірбекқызы**. Римма Өмірбекқызы – нағыз ұстазға тән барлық қасиеттерді бойына жиған, шәкірттеріне ғана емес, әріптестеріне де өнеге бола білген тұлға. Оның әрбір сабағы – тек білім берудің емес, шәкірттерін ізгілікке, адалдыққа, жауапкершілікке баулудың жарқын үлгісі.



Римма Өмірбекқызының бойындағы қарапайымдылық пен кемелдік, адамгершілік пен кәсібилік – нағыз ұстаздың бейнесін аша түседі. Ол әр шәкіртінің қабілетін ашып, өзіне деген сенімділіктерін арттыра білетін, олардың бойындағы дарын мен қызығушылықты оята алатын ерекше ұстаз. Шәкірттеріне ғана емес, әріптестеріне де қолдау көрсетіп, өз тәжірибесін бөлісіп, үнемі көмектесуге дайын тұрады. Оның тәрбиелеген шәкірттері бүгінде түрлі салада жетістікке жетіп, өз ұстаздарын мақтанышпен еске алады. Римма Өмірбекқызының еңбегі – білім мен тәрбие жолындағы ерен еңбектің, адалдық пен ізгіліктің жарқын көрінісі.

Ұстаз болу – жүректің батылдығын, ақылдың тереңдігін, рухтың тазалығын қажет ететін ерекше мамандық..

Осы қасиеттердің барлығы Әбішева Римма Өмірбекқызының бойынан табылады. Оның еңбегі мен адамгершілігі біз үшін әрдайым үлгі, өнеге. Осындай ұстаздарымыз барда білімнің шамы сөнбейді, ізгілік пен парасаттылықтың жолы жалғаса береді.

Ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнаған Римма Өмірбекқызының өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге. Римма Өмірбекқызы 1967 жылы 8-ақпанда Қостанай облысы Жангелдин ауданы, Торғай селосында туған.

1990 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының филология факультетін орыс тілі және әдебиет пәні мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы ұстаздық жолын А. Нұрманов атындағы орталау және Албарбөгет орта мектептерінен бастаған. Соңғы 25 жылда Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде оқушыларды оқытып тәрбиелеу ісінде жемісті еңбек еткен. Ұстаздың үздіксіз білім беру нәтижесінде оқушылары Ержан Жаннұр, Аманкелді Арман облыстық, республикалық пәндік білім сайыстарында жүлдегер болған. Ұстаз ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі Құрмет грамоталармен, Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, мерекелік медалдармен марапатталған.



Мен Римма Өмірбекқызымен Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепке келген кезде таныстым. Орта бойлы, үнемі жинақы жүретін, мұғалімдер бөлмесінде отыратын орнын ауыстырмайтын, артық сөйлемейтін ұстаз мен үшін әуелгіде жұмбақ жан секілді көрінді. Алайда, барлық ұстаздың ол кісіге деген құрметі, оқушылардың ілтипаты ерекше болатын. Күн өткен сайын Римма Өмірбекқызы қарапайымдылығымен, терең білімділігімен, шабытты

еңбегімен, салиқалы ой-пікірімен ерекше тұлға ретінде мені қызықтыра бастады. Жаңа ортада білмегенімді сұрап, қиын оқушылармен жұмыс барысында үнемі Римма Өмірбекқызынан көмек сұрайтынмын. Ол кісі кез келген тығырықтан шығар жолды табатын, оқушылармен де, ата-аналармен де, әріптестермен де өз деңгейінде қарым-қатынас жасайтын.

...Біз таныс болған сәттерде Римма апай ауыр науқасқа шалдығып жүрген кезі болатын. Ауруханаға кетер алдында сынып жетекшілік қызметін басқа мұғалімге тапсырған екен. Ауруханадан келгеннен соң, денсаулығына байланысты сыныпты ала алмайтындығын айтып, әр оқушыға арналған психологиялық күнделікті, өзара қарым-қатынас дәптерін орнында қалған мұғалімге ыждаһатпен тапсырып, әр оқушыға мінездеме беріп, неге назару аудару қажеттігін жіті түсіндірді. Римма Өмірбекқызы әр ісіне осындай ұқыпты болатын. Ол кісімен әріптес болған алты жылда үйренгенім өте көп болды. Жинақылық, ыждаһаттылық, үнемі ізденісте жүру, кісі көңілін қалдырмау, әр істі шабытпен жасау – Римма Өмірбекқызының бойына сіңген қасиеттер болатын.

Римма Өмірбекқызы мектептегі «Шабыт» шығармашыл мұғалімдер бірлестігін басқарды. Бірлестікке жаңашыл мұғалімдерді жинап, әр тоқсан сайын идеяларға толы қызықты сабақтар, көрмелер өткізіп, жыл соңында «Шабыт» бірлестігінің жұмысын қорытындылайтын. «Шабыттың» қорытынды кезеңі аудандық, облыстық деңгейдегі іс-шаралардай сән-салтанатпен өтетін.

2017 жылы төртінші тоқсан басталысымен Римма Өмірбекқызы «Шабыттың» қорытындысын мамыр айында емес, сәуір айында өткізетіндігін хабарлады. Осы кезеңде ауыр науқас апайды қатты қалжыратып жүрген еді. Алайда, өз ісіне берік Римма Өмірбекқызы сәуір айының 14-інде «Шабыт» шығармашыл ұстаздар бірлестігінің жұмысын кең көлемде, аудандық деңгейде фестиваль түрінде өткізді.



Ұстаздар қауымы, мектеп ұжымы, аудандық білім бөлімі аяқталған үлкен іске, бір жылғы «Шабыт» бірлестігінің жұмысына жоғары баға беріп, көтеріңкі көңіл-күймен тарады. Осы жұмысты ұйымдастыру үшін Римма апай мектепке ерте келіп, кеш кетіп, денсаулығына көңіл бөлместен жұмыс жасады. Бар мақсаты – өзіне берілген жұмысты адал, тиянақты аяқтау еді. «Шабыттың» жұмысын шабыттана жүріп атқарған Римма Өмірбекқызы жұмыс аяғында шаршағанын білдірместен жымыя күліп, мектептен шығып бара жатты. Осы сәт дәл бүгінгідей көз алдымда...



Келесі оқу жылында үлкен жоспарларымыз, алға қойған мақсаттарымыз бар болатын. Алайда, Римма Өмірбекқызының сол күні мектептен мәңгі кеткенін білмеппіз...

Әріптестері күні бүгінге дейін Римма Өмірбекқызының педагогикалық жаңашылдығын, оқушының қабілетін аша білу шеберлігін, сабақта тәрбие мен білімді қатар ұстанатынын, үнемі өзін-өзі дамытатынын жиі еске алып, үлгі тұтады. Шебер ұстаз сабақ барысында ешуақытта дәстүрлі әдістермен шектелмейтін, үнемі жаңа технологияларды, озық әдіс-тәсілдерді меңгеріп, өз сабағына

шығармашылықпен енгізетін еді. «Әр бала – жеке тұлға» деп қарап, әр шәкіртінің ерекше қабілетін байқап, оны дамыту жолында талмай еңбек етті. Оқушыға білім беріп қана қоймай, адамгершілік, рухани құндылықтарды үйретіп, өз елінің нағыз азаматтарын тәрбиелеуге ден қоятын еді. Кәсіби дамуды тоқтатпай, үнемі ізденісте болып, білімін жетілдіріп, заманауи білім беру талаптарына сай болуға тырысушы еді...

Римма Өмірбекқызы - шеберлік шыңын бағындырған ұстаз. Ол мектептің ғана емес, қоғамның да жүрегі еді. Оның әрбір сабағы – білімге, ізгілікке бастайтын дара жол болды. Аз ғұмырында шәкірттеріне тек білім ғана емес, өмірлік бағдар беретін ұстаз, нағыз кемел тұлға болып, ұрпақ санасына сәуле түсіріп, болашақтың жарқын болуына ықпал ете алды.

Шеберлік шыңы – тынымсыз ізденіс пен адал еңбектің нәтижесі. Римма апай нағыз ұстаз ретінде бұл биікті бағындыра алды. Шабытты еңбегімен шеберлік шыңын бағындырған Римма Өмірбекқызының жарқын бейнесі мен тағылымы жадымызда мәңгі қала бермек.

ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ- ҰЛЫ ҚҰРМЕТ



Фазылова Айымкүл Қонысбекқызы,
*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жангелдин ауданы білім бөлімінің
Қаратүбек жалпы білім беретін мектебі» КММ
мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары*

Тұла бойында тұлпардай тулаған дарынын қамшылай түсіп, жаңа шыңға көтерілем деген бала әркез өмірден өзінің шынайы орнын табатыны айқын. Өмірдің асуларынан асып, тұңғиығын сүзіп, адамгершілік пен намысты, мейірімділік пен адалдықты тең ұстаған жүректі жандарды біз «ұстаз» - дейміз. Ұстаздың болмысындағы бар қасиет, құрметін, өмірден санасына түйген байлығының барлығын

оқушысына сыйлап, жүрегіне су сепсе де сөнбейтін алау жағады, шабытын шыңдайды. Шәкірттерінің келешегі жөнінде ойланып, олардың қабілетті шәкірт болып, үлкен биіктерден көрінуін қалайды.



«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі» деп ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтпақшы, мектептің мерейі мен баланың болашағы мұғалімнің қолында екендігі даусыз. Осындай ауыр жүкті арқалап жүрген, саналы ғұмырының 38 жылын білім мен тәрбиеге арнап, білім жолында үздіксіз қызмет атқарып келе жатқан орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі - **Нуркина Алуа Аңсағанқызы** жайлы айтқым келеді. Еңбек жылдарының салқын күзі де, ыстық жазы да, қақаған аязы мен құлпырып өмірге де, өлкеге де нәр берген көктем

айлары да білім саласында оқушылармен бірге өтіп жатыр.

Нуркина Алуа Аңсағанқызы 1965 жылдың 9 маусымында Қостанай облысында дүниеге келген. Мектепті ойдағыдай аяқтап, өзі қалаған Қостанай педагогикалық институтында білім алып, орыс тілі мен әдебиеті пәні мамандығының иесі болады. Еңбек жолын Арқалық қаласынан бастаған Алуа Аңсағанқызы кейін Жангелдин ауданы Қ. Жармағанбетов атындағы мектепке ауысып, 5 жылдай қызмет атқарды. Жас маман ізденістер мен талпыныстар арқасында 1998 жылдан бастап Жангелдин ауданы, Тәуіш ауылының Қаратүбек жалпы орта білім беретін мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Бүгінгі күнге дейін Алуа Аңсағанқызы үнемі тынбай, ізденіс жолында жүріп келе жатқан ұстаз. Рухани бай тәжірибесі, адамгершілік пен кішіпейілділік, талапшыл, әрі ұқыптылығының нәтижесі сабақтың мақсатына жетудің бірден-бір жолы екенін үнемі назарда ұстап келеді. Ұстаз өзінің еңбек жолында ұстаздық қыр-сырын білім мен білігі, тәжірибесі мол, өзінен кейінгі жас ұстаздарға тәрбие бере алатын мұғалім екенін көрсетті. Ең бастысы, оның сабақтары ғылымилығы, нақтылығы және тәрбиелік мақсаттарымен ерекшеленеді. Еңбек жолындағы жетістіктері де

баршылық. Біліктілік пен талап бірінші орында тұратын ұстаз үшін жеткен жетістіктер - мәртебелі жетістіктер болып саналмақ.

Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін 2018 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды. 2024 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген орыс тілі пәнінен олимпиадада І дәрежелі дипломмен марапатталды. «Қостанай облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі облыстық білім беру жүйесіндегі қалтқысыз қызметі мен жемісті еңбегі үшін Құрмет грамотасына ие болды. Сондай-ақ, аудан көлемінде ұйымдастырылған «Жыл мұғалімі» сайысында Алуа Аңсағанқызы «Ауылдың ардақты ұстазы» атағын жеңіп алды. «Жаңашыл мұғалім» әдістемелік әзірleme сайысында жүлделі ІІ орынды иеленді. Облыстық «Лучший учитель русского языка» сайысында І орынға ие болып, мадақтамамен марапатталды. Сонымен қатар Алуа Аңсағанқызының облыстық, республикалық басылымдарда озық педагогикалық іс тәжірибе тарату бойынша бірнеше жинақтары жарық көрді. Адал еңбекпен табыстың шыңына жетуге болады. Бұл жетістіктер Алуа Аңсағанқызының ұстаздық жолында жеткен жетістіктерінің тек бір бөлігі ғана.





Ұстаздарымыздың бар бақыты өзі тәрбиелеп, өзі білім беріп отырған оқушыларында екені рас. Кез келген шәкірттің бойында адам сүйсінетін ерекше қасиет болады. Оны байқау үшін жіті бақылау мен асқан сезімталдық қажет. Өзгенің бақытын аялаумен, өз уақытын аямаумен ғұмырын өткізетін ұстаздар қауымына бүгінгі таңда жүктелер міндет те аса салмақты. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халық даналығы бар емес пе? Осы шәкірттерімді «Мыңнан

тұлпар, жүзден жүйрік» атануға лайық, білімге деген құштарлықтары мен сүйіспеншіліктерін арттыруына жауапкершілікпен қарау басты міндетім деп санаған Алуа Аңсағанқызы шәкірттерін сайыстарға дайындаудан жалыққан емес.

Ұстаздық жолда шәкірттері аудандық, облыстық және республика көлемінде жүлделі орындарға ие болып келді. Пәндік олимпиадалардың аудандық кезеңінде оқушылары жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Төлеген Сезім, Нұрхан Жайнагүл, Болат Айшат, Асқарбек Ақжол сынды оқушылар орыс тілі пәнінің қыр-сырын түсіне отырып, олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары атанып келеді. Аталған оқушылардың ішінен Асқарбек Ақжол пәнді жетік меңгеріп, «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде I орынды иеленген болатын. Өз пәнін шексіз жақсы көретін ұстаз үшін оқушылардың әрбір жетістігі, оның еңбегінің көрінісі болмақ. Еңбекқор, қайырымды, еңбек етуден жалықпаған, алға қойған мақсаттарына жете алатын ұстаздан үйренеріміз көп. Өз пәнін шексіз жақсы көретін ұстаз үшін оқушылардың әрбір жетістігі, оның еңбегінің көрінісі болмақ.

Отбасы - ол шағын мемлекет. Жолдасы Даркенов Қуанышқали Ғазезұлымен ұзақ жылдар бойы бірге жасасып, қазіргі таңда 2 ер бала,

1 қыз бала тәрбиелеп өсірді. Отбасы Алуа апайды әр жаңа бастамаларында қолдап, қолпаштап, демеп келеді. Қазіргі таңда өмірден түйгені көп апайымыз немере сүйіп, әже атанып отыр. Бар жиған байлығы – білімі мен оқыған кітабы, қатар жүрген әріптес достары, тілеулес ағайындары мен өзі тәрбиелеген шәкірттері. Оны өсірген ортасы – ағайын-дос, бауырлары. Алданышы – сүйікті немерелері. Ендігі тілегі – білім жолындағы жас мамандардың қажырлы еңбек арқылы талпынса, ұстаздық жолда жетістікке жетсе деп тілейді. Басты ұстанымы – қарапайымдылық. Ал қарапайымдылық дегеніміз - көркем мінездің белгісі болмақ.



Бүгін – өткеннің нәтижесі, әрі болашақтың бастамасы. Болашақта тәжірибелі дарынды тұлғаға лайық ұстаздың білім, білік, дағдысын бойымызға сіңіріп, ұстаздық өнегесін жалғастырып, кейінгі жас мамандарға үлгі ете алатын, ұстаздық ұлы жолды, ұлы құрметке айналдыру - біздің міндетіміз.

Сөзімді қорытындылай келе, ұлағатты ұстаз Алуа Аңсағанқызының деніне саулық, көңіліне шаттық, шығармашылық табыс тілеймін.

УЧИТЕЛЬ НОВОЙ ФОРМАЦИИ



Штеер Анна Леонидовна,
учитель русского языка и литературы
КГУ «Воронежская общеобразовательная школа
отдела образования Фёдоровского района»
Управления образования акимата
Костанайской области

Мы живём в быстроменяющемся мире, и учитель как никто другой должен чувствовать ритм времени и перемен, чтобы быть востребованным своими учениками, шагая с ними рядом, направляя их в огромном потоке информации. Жизнь предъявляет учителю требования жёсткие, но, в то же время, и справедливые.

Евгений Владимирович Кащеев, учитель математики и информатики нашей школы, сегодня готов принять вызов любой инноватике. И не только принять, но и преуспеть в данном направлении. Стаж работы Евгения Владимировича в школе исчисляется 28 годами. За это время имя его стало известно не только в нашем районном и областном педагогическом сообществе, но и республики. Педагог делится опытом работы на разных уровнях: его приглашают для участия в республиканских семинарах, он выступает на секции педагогов малокомплектных школ в городе Костанай, где показал мастер-класс "Разработка интерактивных off-line приложений для проведения формативного оценивания» в 2022 году, а уже на следующий год он проводит курсы Орлеу для учителей Федоровского района "Использование цифровых ресурсов в преподавании предметов". Это был очень своевременный и нужный проект, который получил высокую оценку слушателей за возможность



окунуться в мир цифровых ресурсов, он помог педагогам не потеряться в этом сложном информационном мире.

Евгений Владимирович очень терпеливый учитель: он работает с детьми разного возраста. И выращивает лидеров по своей траектории: мотивация - труд – результат. Так, уже учащиеся среднего звена показывают результаты по спортивному программированию. Костюк Никита занял 2 место в областной олимпиаде по спортивному программированию "Junior Programming Contest" среди учащихся 6 классов. А осенью он же победитель в областной юниорской олимпиаде по информатике среди учащихся 7 классов.

Чтобы вывести ребёнка на республиканский уровень по информатике, учитель сначала показал свой результат, что не могло не стать стимулом для заинтересованных ребят: диплом за 2 место в областной олимпиаде по программированию Teacher Programming Competition в 2022 году, в этом же году Евгений Владимирович принимает участие в областном клубе "Ўлағат" с темой "Формирование функциональной грамотности учащихся с помощью применения языка Python для решения нестандартных задач по программированию», и затем 1 место в первом областном этапе Республиканской олимпиады по спортивному программированию среди учителей информатики CPFED UZDIK IT USTAZ в 2024 году.



Программирование и шахматы — две области, которые на первый взгляд кажутся совершенно разными. Но между ними существует глубокая связь. И эту связь Евгений Владимирович видел изначально, когда стал вести в школе кружок шахматистов, точно рассчитав, что среди них будут программисты.

Мауль Артём, в настоящее время ученик 9 класса, победитель в областном этапе Республиканской олимпиады по информатике среди учащихся сельских школ по спортивному программированию 2024 года, призёр Республиканского этапа олимпиады по информатике (3 место) среди учащихся сельских школ областного этапа республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам среди всех школьников области, в том числе городских – «ОЗАТ», НИШ, в шахматах знает толк! И на районных онлайн – турнирах, которые организовывал и проводил Евгений Владимирович, Артём один из лучших игроков среди школьников. «Шахматы учат думать на несколько шагов вперёд, и это важно в программировании. Шахматы требуют полной сосредоточенности, и это помогает программистам лучше концентрироваться на решении самых сложных задач», – говорит Евгений Владимирович. Как в шахматах, так и в программировании роль учителя играет ключевой момент в становлении лидера.

*Евгений Владимирович не просто наставник,
который передаёт знания, а и человек, который
помогает развить навыки, необходимые для успеха.*

Его ученики тому подтверждение: Александр Горюнов, посвятивший начальный этап своего становления фирме «Вега-электроникс», Дель Марина, работающая в КГУ на кафедре программистов, Василий Мостовой, специалист информационных технологий в Костананайском филиале ТОО «Гелиос», Турмышев Рахат, будучи студентом КГУ, уже работает инженером – программистом в одной из компаний ITL, Динер Дмитрий после окончания Регионального Университета работает программистом. Дети Евгения Владимировича окончили Южноуральский государственный университет. В настоящее время Станислав -

ведущий программист вычислительного центра ЮУрГУ, а Александра работает преподавателем на кафедре "Электронные и вычислительные машины". Суть в том, что дело учителя живёт в его учениках. Он дал им путёвку в жизнь. И это очень важно!

Среди педагогов есть такие, которые не просто преподают свой предмет, а становятся настоящим источником вдохновения и для учеников, и для коллег. Евгений Владимирович не боится делиться своими идеями, экспериментировать, апробировать и внедрять их в образовательный процесс. Он всегда стремится к тому, чтобы его уроки были насыщены, познавательны и увлекательны. Этот учитель - настоящий мастер своего дела, способный увлечь учеников не только академическими знаниями, но и своим многогранным подходом к жизни. Он легко переключается с объяснения сложных тем на обсуждение актуальных вопросов, а его примеры часто выходят за рамки учебника, вдохновляя учеников мыслить шире. Его талант, энтузиазм выходят далеко за пределы школьной программы. Сам учитель открыт ко всему новому и прогрессивному, и поэтому очень много учится самостоятельно, осваивая современные технологии, интерактивные методы обучения, чтобы заинтересовать каждого ученика. В этом году уже Евгений Владимирович закончил курсы "GAMEDEV FOR TEACHER", которые проводила компания "OMNIUM" - центр интерактивных технологий и образовательных программ. Это даёт ему ещё одно направление деятельности и большие перспективы для творчества.

Самое главное – он не держит свои наработки в секрете от других. Наоборот, Евгений Владимирович использует различные педагогические площадки, чтобы охотно поделиться своими и наблюдениями, и открытиями. Его творческий подход приносит впечатляющие результаты: ученики показывают высокие достижения на олимпиадах и конкурсах, а коллеги, вдохновлённые его примером,



начинают пробовать свои силы в данном направлении в своих классах. Вместе со своей супругой, Светланой Васильевной, работающей учителем начальных классов в нашей же школе, Евгений Владимирович представил на областном конкурсе "Панорама педагогических идей" работу «Авторские ЦОР для развития читательской грамотности младших школьников», занявшую 1 место. На республиканском этапе этого конкурса коллеги заняли 2 место в номинации "Читательская грамотность". Проект был рассчитан на малышей, но сам принцип подачи информации уникален, так как подходит для любого возраста детей и для любого школьного предмета.

Но что действительно выделяет Евгения Владимирович, так это его разносторонние интересы. Помимо шахмат и программирования, он увлекается спортом, фотографией, зимней рыбалкой, моделированием, историей, литературой. Увлечения свои он нередко



интегрирует в свои уроки, делая их более живыми и интересными. А его Медиа-студия «Диалог», действующая на протяжении уже 20 лет - отдельная история. Одно можно сказать: студию посещают дети, влюблённые в информатику и стремящиеся к цели. В областных конкурсах видеороликов, таких как «Снять за 48 часов», "Я читаю о

войне", посвященных победе в Великой Отечественной войне "Ұлы Жеңіс - ұрпаққа аманат" среди учащихся сельских школ воспитанникам Евгения Владимировича равных нет. Вот и сейчас ребята уже готовы представить на конкурс работу «Использование искусственного интеллекта в изучении программирования». На данный момент воспитанники Евгения Владимировича участвуют в конкурсе детского кино «Дети Казахстана в мире без границ». Сам



учитель в это время занимается подготовкой к очередным турам олимпиады по спортивному программированию среди учителей информатики "CPFED Uzdik IT Ustaz", которую проводит Федерация спортивного программирования Казахстана и готовит Артема к республиканской школьной олимпиаде по спортивному программированию под эгидой этой же Федерации.

Такого учителя ценят не только за профессионализм, но и за его способность быть примером гармоничной личности. Евгений Владимирович сегодня показывает, как можно совмещать работу, хобби, саморазвитие, и при этом оставаться всегда спокойным, рассудительным и творческим учителем.